# Happy New 2021 year

№12 (456)
31 желтоқсан
2020 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



## 100 есімге енген ВОЛОНТЕР

Нұрбек ЖАЛҒАСБАЕВ Zhubanov University «Физика» мамандығының 3-курс студенті «Volonter.2020_aqtobe» Ақтөбе облыстық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі ҚР бойынша 100 есімге енген волонтер, «Халық алғысы» медалі, «Үздік студент» төсбелгісі марапаттарының иегері

4-5 бб

## Осы санда



НАМ ДОВЕРЯЮТ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ 10-11 стр



ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ - ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ 12-13 бб



ЖҰБАНОВТАНУ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕТТЕРІ 14-15 бб

# ☑ Жыл жаңалықтары ☑ Новости года ☑ Year news

## ZHUBANOV UNIVERSITY ОБЛЫСТАҒЫ ТҰҢҒЫШ ЖОО

Қазақстанның батыс аймағындағы бас университеттің ашылу тарихы 1935 жылдан басталады. Алдымен жоғары білім беретін екі жылдық Ақтөбе мұғалімдер институты құрылып, облыстағы бұл тұңғыш жоғары оқу орнында тарих, физика-математика мамандықтарына қабылдау жүріп, 81 студент оқуға түскен. Институттың қалыптасып, дамуына оның алғашқы директорлары Нұғман Залиев, Семен Шейнессон, Құрманғали Оспанов, Джандар Кантемиров, Наум Пак елеулі үлес қосты. Олар мектепке маман даярлау ісінің негізін қалауға, халықты жаппай сауаттандыруға, ағарту міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған ұжым миссиясын орындауда сол кездегі материалдық базаның жұтаңдығы, қажетті құрал-жабдықтардың, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың, ғылыми әдебиеттің жетіспеушілігіне қарамастан аянбай еңбек етті. Сондай-ақ саяси қуғын-сүргін мен репрессия зардаптары, Ұлы Отан соғысының басталуы институт қызметінің тұрақтылығына зиянды әсерін тигізбей қоймады. Бірақ мұғалім кадрларын даярлау ісі тоқтамай, жалғаса берді. 1945 жылы институтқа Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ақын, жырау Нұрпейіс Байғаниннің есімі берілді. Соғыстан кейін қазақ қыздарынан мұғалімдер дайындау қажеттілігіне орай 1948 жылы Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтының негізінде екі жылдық Қыздар педагогикалық институты ашылды. 1954 жылы ол қайтадан толық білім беретін педагогикалық институт мәртебесін алды. Бұл жылдары оқу орнына Зияда Баймұхамбетова, Қазина Бальниязова, Ғабдрахман Абуханов басшылық жасап, институттың материалдық базасын нығайтты, оқытушылар құрамын толықтырды. 1958 жылдың тамызында Н.Байғанин атындағы Ақтөбе педагогикалық институты жабылып, оның оқу ғимараты мен жатақханасы 1957 жылы ашылған медициналық институтқа берілді. Студенттер көрші облыстардағы жоғары оқу орындарына ауыстырылды. Көп кешікпей-ақ облыс мектептерінде мұғалімдердің жетіспеушілігі айқын сезіле бастады. Сөйтіп сегіз жылдан соң, 1966 жылы Ақтөбе педагогикалық институты қайта ашылды. Оқу орнын басқаруға П.С.Щетинин тағайындалды. Институттың материалдық базасы жақсартылып, оқу үдерісі жетілдірілді, профессор-оқытушылар құрамы білікті мамандармен толықты. Институттың қарқынды дамып, бүгінгі заманға сай келбетінің түзілуі оқу орнына 1983 жылдың тамыз айында басшы болып келген Мұхтар Арыновтың ерен еңбегіне байланысты. Ол жоғары оқу орнын бірыңғай кадр даярлаумен шектеп қоймай, аймақтағы тәрбие ісін тұтастай жүргізетін рухани орталыққа айналдырды. Сол жылдары қазіргі 8 қабатты зәулім ғимарат- бас оқу корпусы пайдалануға берілді, жаңа мамандықтар, қазақ тілінде оқытатын бөлімдер ашылды, жас ұстаз-ғалымдар даярлау мәселесі қолға алынды, институтқа студент қабылдау, кәсіби бағдар беру жұмыстары жаңаша ұйымдастырылып, мұғалім мамандығына икемі бар жастар тартылды. М.Арыновтың бастамасымен 1990 жылы институтқа қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-ғалым, профессор Құдайберген Жұбановтың есімі берілді. «Жұбановтану» ғылыми зертханасы құрылып, ғылыми мектеп қалыптасты. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, қазақ тілінде оқытатын мектептердің санын ұлғайтуға ереше мән берілді. Абай Құнанбаев, Құдайберген Жұбанов, Қазанғап, Әйтеке би, тағы басқа дара тұлғаларды ұлықтау жұмыстары жүрді. Тәуелсіз Қазақстан, нарықтық экономика жағдайында облыста жоғары сұранысқа ие мамандарды даярлау ісін қайта құру қажеттілігін жете түсінген институт ректоры Мұхтар Арынов үкімет алдында бірнеше мәрте Ақтөбеде классикалық университет, тым болмаса көп профильді институт ашу мәселесін қойды. Тиісті дайындық жұмыстары жүргізілді. Сөйтіп 1996 жылы институтқа университет мәртебесі берілді.

Оқу орны басшылығына Кенжеғали Кенжебаев келген жылдары университеттің материалдық базасы нығая түсті, техникалық мамандықтарға студенттер қабылдана бастады, бірнеше магистратура мамандықтары және математика, физика салалары бойынша кандидаттық диссертация қорғау кеңестері ашылды, әлеуметтік зерттеулер институты, қолданбалы математика және информатика институты құрылды. Спорт кешені, студенттер емханасы, редакциялық баспа бөлімі ашылып, Студенттер сарайы мен Жастар сарайы салынып, қаладағы мәдени орталық ретінде университеттің рөлі күшейе түсті. Сонымен қатар Жастар үйі мен Инновациялық технологиялық парктің құрылысы басталды. 2004 жылы университеттен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты қайта бөлініп шықты. Институтқа ректор болып экономист-ғалым Ғалымжан Нұрышев тағайындалды. Оқу орны бірнеше мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының авторы атанды. 2009 жылы институт Болонья қаласындағы Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойып, еуропалық білім кеңістігіне енді. Амантай Нұрмағамбетов басшылық жасаған 2013 жылы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты қайта біріктіріліп, оқу орны өңірлік университет мәртебесін иеленді. Бүгінгі таңда университетті филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Ердембеков басқарады. Университет миссиясы заман талабына сәйкестендіріліп, қайта қаралған, стратегиясы жаңғыртылып, кешенді жоспар жасалған. Осыған сәйкес университет жоғары білімді интернационализациялауға, ғылыми жетістіктерді коммерциализациялауға және классикалық университет моделінен Smart университет моделіне көшуге ұмтылу үстінде. Университет 85 жылдық мерей тойын халықаралық дәрежеде атап өтті. Оған толық негіз де бар. Бүгінде Zhubanov University қазақстандық жоғары оқу орындарының үздік бестігінде. Жақында университет халықаралық QS World University Rankings 2020 жылғы рейтингісінде үздік 500 университет қатарына еніп, 351-ші позицияда көрінді. Білім алушылар контингентін республиканың әр өңірінен және шет елдерден келген 15 мыңға жуық жас құрайды. Университетте 78 бакалавриат, 40 магистратура және 6 докторантура мамандықтары бойынша мамандар даярланады, физика-математика, филология салалары бойынша диссертациялық кеңестер жұмыс істейді. 14 мамандық бойынша арнайы білім беретін Жоғары колледж қайта құрылды. Әлемнің 150-ге жуық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнаған. Польшаның Быдгощ қаласындағы Экономика университетімен, Қытай мұнай университетімен, Түркиядағы Кастамону университетімен қосдипломды білім беру бағдарламалары сәтті жүзеге асып келеді. Польшадағы және Түркиядағы аталмыш университеттерде «Qazaq eli» қазақ мәдениетінің орталықтары ашылды. Профессор-оқытушылар құрамының елу пайызын ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD құрайды. Университетте белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдар, мемлекеттік және ведомстволық марапаттардың, Ш.Уәлиханов және Қ.Сәтпаев атындағы сыйлықтардың иегерлері, әлем чемпионаттарының жеңімпаздары, мәдениет қайраткерлері, Ақтөбе облысы мен қаласының құрметті азаматтары, ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының және «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері қызмет етеді. Соңғы жылдары профессор-оқытушылық құрам «Жұбанов ғалымдар ордасы» жобасы ауқымында жұмысқа қабылданған 200-ден астам жас буын PhD мен магистрлер есебінен жаңартылды. Университетті тәмамдаған түлектердің 95%-і жұмысқа орналасады.

Мерей тойға арналған шаралар жыл бойы жүрді. Университеттің дамуына үлес қосқан 85 оқытушы мен қызметкерлер, 85 білім алушы, 85 ардагер, 85 серіктес ұйымдар мерекелік медальмен, төсбелгімен, Алғыс хаттармен, ақшалай сыйлықпен марапатталды. 85 ғылыми жоба қасалып, еңбектер басылды. Материалдық көмекке зәру 85 студентке Қ.Жұбанов атындағы және басқа да арнаулы стипендиялар тағайындалды. Мерекелік жылдың қорытынды салтанатына университеттің 1985 жылғы түлегі, облыс әкімі Оңдасын Оразалин қатысты. Online жүйесінде жиынды 2 мыңға жуық адам тамашалады.




## ZHUBANOV UNIVERSITY - ПЕРВЫЙ ВУЗ РЕГИОНА

История открытия главного вуза в Западном Казахстане приходится на 1935 год. Был создан двухлетний Актюбинский педагогический институт. Тогда поступил 81 студент. Они изучали историю, физику и математику. Первые директора института Нугман Залиев, Семен Шейнессон, Курмангали Оспанов, Джандар Кантемиров, Наум Пак внесли весомый вклад в становление и развитие института. Несмотря на отсутствие материальной базы, учебников и учебных пособий, научной литературы, они неустанно работали над выполнением миссии коллектива, направленной на создание фундамента для школьного образования и массового просвящения. Политические репрессии, начало Великой Отечественной войны пагубно сказались на устойчивости института, но подготовка учителей не прекращалась. В 1945 году институту присвоено имя заслуженного деятеля культуры Казахской ССР, поэта - жырау Нурпеиса Байганина. После войны, в связи с необходимостью подготовки учителей из числа казашек, в 1948 году на базе Актюбинского учительского института имени Н. Байганина открылся двухгодичный женский педагогический институт. В 1954 году он снова получил статус дневного педагогического института. В эти годы университетом руководили Зияда Баймухамбетова, Казина Бальниязова, Габдрахман Абуханов, которые усилили материальную базу института и пополнили преподавательский состав. В августе 1958 года Актюбинский педагогический институт им. Н. Байганина был закрыт, а его учебный корпус и общежитие переданы Медицинскому институту, открытому в 1957 году. Студентов перевели в вузы соседних регионов. Вскоре в школах области возникла явная нехватка учителей. Спустя восемь лет, в 1966 году, Актюбинский педагогический институт был вновь открыт. Управлять университетом был назначен П.С. Щетинин. Улучшена материальная база института, учебный процесс, профессорско-преподавательский состав обновили квалифицированные специалисты. Динамичное развитие и внедрение современных технологий в работу института достигнуты благодаря упорному труду Мухтара Арынова, который стал ректором ВУЗа в августе 1983 года. Он не ограничил деятельность учебного заведения обучением отдельных кадров, а превратил университет в духовный центр, ведущий просветительскую работу в регионе. В годы управления М. Арынова сдано в эксплуатацию 8-этажное здание - главный учебный корпус, были открыты новые специальности, кафедры на казахском языке обучения, решен вопрос подготовки молодых преподавателей и ученых, реорганизован прием студентов в институт, профориентационная работа, привлечена молодежь, имеющая интерес к педагогическим профессиям. По инициативе Мухтара Арынова в 1990 году институту присвоено имя первого казахстанского лингвиста-ученого, профес-

# ☑ Жыл жаңалықтары ☑ Новости года ☑ Year news




сора Кудайбергена Жубанова. Создана научная лаборатория «Жубановтану», сформирована научная школа. Особое внимание уделялось повышению статуса казахского языка, увеличению количества школ с казахским языком обучения. Началась популяризация среди населения личностей Абая Кунанбаева, К. Жубанова, Казангапа, Айтеке би и других. Мухтар Арынов неоднократно просил правительство открыть в Актобе классический университет, хотя бы многопрофильный институт. Соответствующие приготовления были сделаны. Так, в 1996 году институту был присвоен статус университета. За годы руководства Кенжегали Кенжебаева была усилена материальная база вуза, студенты приняты на технические специальности, открыто несколько магистерских специальностей и советов по защите кандидатских диссертаций по математике и физике, созданы Институт социальных исследований, Институт прикладной математики и информатики. Усилилась роль университета как культурного центра города. Также началось строительство Дворца молодежи и Парка инновационных технологий. В 2004 году из состава университета был реорганизован Актюбинский государственный педагогический институт, который возглавил экономист-ученый Галымжан Нурышев. Университет является автором нескольких государственных стандартов обязательного образования, в 2009 году подписал Великую хартию университетов в Болонье и вошел в европейское образовательное пространство. В 2013 году под руководством Амантая Нурмагамбетова Актюбинский государственный университет и Актюбинский государственный педагогический институт были воссоединены, и ВУЗ получил статус регионального. Сегодня университет возглавляет доктор филологических наук, профессор Бауыржан Ердембеков. Модернизирована, пересмотрена миссия университета, обновлена стратегия и разработан комплексный план. Соответственно, университет стремится интернационализировать высшее образование, коммерциализировать научные достижения и перейти от классической модели университета к модели smart университета. Свое 85-летие ВУЗ отметил на международном уровне. Для этого есть все основания. Сегодня Zhubanov University входит в пятерку лучших вузов Казахстана. Недавно он вошел в топ-500 университетов международного рейтинга QS World University Rankings 2020 и занял 351-е место. Контингент студентов состоит из 15 тысяч молодых людей из разных регионов страны и зарубежья. Университет готовит специалистов по 78 бакалаврским, 40 магистерским и 6 докторским специальностям, имеет диссертационные советы по физике, математике и филологии. Открыт Высший колледж по 14 специальностям. Мы сотрудничаем примерно со 150 университетами по всему миру. Программы двудипломного образования успешно реализуются в Экономическом университете в Быдгоще Польши, в Нефтяном университете Китая и в Университете Кастамону Турции. При университетах в Польше и Турции были открыты казахстанские культурные центры «Qazaq eli». Пятьдесят процентов профессорско-преподавательского состава - доктора и кандидаты наук, PhD. Известные общественные деятели и ученые, лауреаты государственных и ведомственных премий, премий им. Ш. Валиханова и К. Сатпаева, победители чемпионатов мира, деятели культуры, почетные граждане Актюбинской области и города, стипендиаты Международной программы «Болашак» и «Лучший преподаватель вуза» обладатели государственных грантов. За последние годы профессорско-преподавательский состав обновлен за счет более 200 молодых людей, докторов и магистров, принятых в рамках проекта «Жубановская орда ученых». 95% выпускников вузов трудоустроены. Торжества по случаю юбилея проходили круглый год. 85 преподавателей и сотрудников, 85 студентов, 85 ветеранов, 85 партнерских организаций, внесших вклад в развитие университета, награждены медалями, значками, благодарственными письмами, денежными призами. Реализовано и опубликовано 85 научных проектов. 85 студентов, нуждающихся в материальной помощи, были удостоены стипендии К. Жубанова и других специальных стипендий. В заключительной церемонии праздника принял участие аким области Ондасын Оразалин, выпускник вуза 1985 года. Мероприятие в онлайн-режиме посмотрели около 2000 человек.

## ZHUBANOV UNIVERSITY IS THE FIRST UNIVERSITY IN THE REGION

The history of the opening of the main university in Western Kazakhstan falls on 1935. The two-year Aktobe Pedagogical Institute was established. Then 81 students entered. They studied history, physics and mathematics. The first directors of the institute Nugman Zaliev, Semyon Sheinesson, Kurmangali Ospanov, Dzhandar Kantemirov, Naum Pak made a significant contribution to the establishment and development of the institute. Despite the lack of material resources, textbooks and teaching aids, scientific literature, they worked tirelessly to fulfill the team's mission aimed at creating the foundation for school education and mass enlightenment. Political repressions, the beginning of the Great Patriotic War had a detrimental effect on the stability of the institute, but the training of teachers did not stop. In 1945, the institute was named after the Honored Worker of Culture of the Kazakh SSR, poet - zhyrau Nurpeis Baiganin. After the war, in connection with the need to train teachers from among the Kazakh women, in 1948 a two-year female pedagogical institute was opened on the basis of the Aktobe Teachers' Institute named after N. Baiganin. In 1954, he again received the status of a day pedagogical institute. During these years, the university was headed by Ziyada Baimukhambetova, Kazina Balniyazova, Gabdrakhman Abukhanov, who strengthened the material base of the institute and replenished the teaching staff. In August 1958, Aktobe Pedagogical Institute named after I. N. Baiganin was closed, and its educational building and hostel were transferred to the Medical Institute, opened in 1957. Students were transferred to universities in neighboring regions. Soon there was an obvious shortage of teachers in the schools of the region. Eight years later, in 1966, the Aktobe Pedagogical Institute was reopened. P. S. Shchetinin was appointed to manage the university. The material base of the Institute has been improved, the educational process, the teaching staff have been updated by qualified specialists. The dynamic development and implementation of modern technologies in the work of the institute were achieved thanks to the hard work of Mukhtar Arynov, who became the rector of the university in August 1983. He did not limit the activities of the educational institution to the training of individual personnel, but turned the university into a spiritual center conducting educational work in the region. During the years of M. Arynov's management, an 8-storey building was commissioned - the main educational building, new specialties, departments in the Kazakh language of instruction were opened, the issue of training young teachers and scientists was resolved, the admission of students to the institute, career guidance work was reorganized, young people who had interest in teaching professions. At the initiative of Mukhtar Arynov, in 1990 the institute was named after the first Kazakh linguist-scientist, Professor Kudaibergen Zhubanov. Particular attention was paid to improving the status of the Kazakh language, increasing the number of schools with the Kazakh language of instruction. The popularization of the personalities of Abai Kunanbaev, K. Zhubanov, Kazangap, Aiteke bi and others began among the population. Mukhtar Arynov has repeatedly asked the government to open a classical university in Aktobe, at least a multidisciplinary institute. Appropriate preparations were made. So, in 1996 the institute was awarded the status of a university. During the years of Kenzhegali Kenzhebaev's leadership, the material base of the university was strengthened, students were admitted to technical specialties, several master's specialties and councils for the defense of candidate dissertations in mathematics and physics were opened, the Institute for Social Research, the Institute of Applied Mathematics and Informatics were created. The role of the university as a cultural center of the city has increased. The construction of the Youth Palace and the Park of Innovative Technologies has also begun. In 2004, the Aktobe State Pedagogical Institute was reorganized from the university, headed by the economist-scientist Galymzhan Nuryshev. The university is the author of several national standards for compulsory education, in 2009 signed the Magna Carta of Universities in Bologna and entered the European educational space. In 2013, under the leadership of Amantai Nurmagambetov, Aktobe State University and Aktobe State Pedagogical Institute were reunited, and the university received the status of a regional one. Today the university is headed by Doctor of Philology, Professor Baurzhan Erdembekov. The mission of the university was modernized, revised, the strategy was updated and a comprehensive plan was developed. Accordingly, the university seeks to internationalize higher education, commercialize scientific achievements and move from the classical university model to the smart university model. The university celebrated its 85th anniversary at the international level. There is every reason for this. Today Zhubanov University is one of the five best universities in Kazakhstan. It recently entered the top 500 universities of the international QS World University Rankings 2020 and took 351st place. The contingent of students consists of 15 thousand young people from different regions of the country and abroad. The university trains specialists in 78 bachelor's, 40 master's and 6 doctoral specialties, has dissertation councils in physics, mathematics and philology. The Higher College in 14 specialties was opened. We work with approximately 150 universities around the world. Double-degree programs are successfully implemented at the University of Economics in Bydgoszcz, Poland, at the Petroleum University of China and at the University of Kastamonu Turkey. Kazakhstani cultural centers "Qazaq eli" were opened at universities in Poland and Turkey. Fifty percent of the teaching staff are doctors and candidates of sciences, PhD. Well-known public figures and scientists, laureates of state and departmental prizes, awards to them. Sh. Valikhanova and K. Satpayeva, winners of world championships, cultural figures, honorary citizens of Aktobe region and the city, scholars of the International program «Bolashak» and «Best teacher of the university», holders of state grants. In recent years, the teaching staff has been updated at the expense of more than 200 young people, doctors and masters, accepted within the framework of the project «Zhubanovskaya Horde of Scientists». 95% of university graduates are employed. The anniversary celebrations were held all year round. 85 faculty and staff, 85 students, 85 veterans, 85 partner organizations that have contributed to the development of the university were awarded medals, badges, letters of thanks, cash prizes. 85 scientific projects have been implemented and published. 85 students in need of material assistance were awarded K. Zhubanov's scholarships and other special scholarships. Akim of the region Ondasyn Orazalin, a 1985 graduate of the university, took part in the final ceremony of the holiday. About 2000 people watched the event online.

☑ Person of the Year

# 100 есімге енген волонтер



Тарих қойнауына өтіп бара жатқан 2020 жыл ҚР президентінің бастамасымен Волонтер жылы болып жарияланып, ізгілік пен қайырымдылық істерге жаңаша бағыт берілді. Қ-Ж.Тоқаев ақпан айының басында ел астанасы — Нұр-Сұлтан қаласында волонтерлардың фронт-офисін ашып тұрып «Игі іспен айналысу, адамдарға жақсылық жасау — көне заманнан келе жатқан халқымыздың дәстүрі. Сондықтан бұл дәстүрді міндетті түрде сақтап қалуымыз керек. Халқымызды осындай бірлікке шақыратын «асар» дәстүрі бар. Бұл құндылығын жоймаған ата салтымыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», — дейді біздің халқымыз. Волонтерлардың да басты қызметі жұмылып қызмет ету. Кезінде Қазақстанға көптеген ұлт өкілі жер аударылды. Сол қиын-қыстау уақытта халқымыз бауырына басып, бір үзім нанымен бөлісті. Шынайы жанашырлық көрсету қазақ халқына тән қасиет. Мен нағыз волонтер болудың озық үлгісі деп осыны айтар едім. Бүгінде дүниежүзінде бұл үрдіс кең таралып, әлемдік қозғалысқа айналды. Қазірдің өзінде Жер бетінде 1 млрд адам волонтерлікпен айналысады. 1 млрд адам! Бізде 16 мың, бұл аз, 100 мыңға жеткізуге болады. Олардың жаһандық дамуға тигізер үлесі зор», — деген еді. Содан бері көптеген маңызды бастамалар жүзеге аса бастады.

Zhubanov University Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті волонтерлық қозғалыстың қыр-сырына баулитын облыстық волонтерлар мектебін ашты. Оған аймақтың кез келген түкпірінен тілек білдірушілер қатысуға болатындай жағдай жасалды. Нәтижесінде әр үш ай айналымға 200-ге жуық адамнан қатысты. Қатысушылардың дені студенттер мен мектеп оқушыларынан құралған елгезек жастар еді. Сабақтар online/offline жүйесінде жүріп, үш жеті уақытты қамтыды. Білімдерін жетілдірген волонтерлар әрі қарай жеке топтарын құрып, түрлі бағытта қайырымдылық жұмыстарын жасап жатыр. Ал Zhubanov University «Физика» мамандығында оқитын 3-курс студенті Нұрбек Жалғасбаевтың волонтерлікке бейімділігі бала кезінен басталыпты. Ол басқаратын «Volonter.2020_aqtobe» қоғамдық бірлестігі Ақтөбе облысы бойынша жыл қорытындысында «Ең үздік волонтерлік ұйым» номинациясында жеңімпаз болды. Бұл марапатты жас волонтер қарапайым қабылдады, себебі қайырымдылыққа деген марапаттың ең зоры — халық алғысы деген пікірде. Нұрбек Жалғасбаев халық алғысын алды да. Қ.-Ж.Тоқаев Волонтер жылында айырықша еңбектенген жандарға «Халық алғысы» медалін табыстады. Арасында Нұрбек те бар. Ал университет ректоры Бауыржан Ердембеков волонтер студенттің кеудесіне ризашылықпен «Үздік студент» медалін тақты.

Нұрбекке қарап, волонтерліктің өмір салтына айналуы мүмкін екеніне көз жеткізуге болатындай. Үлкен ұйымды басқару, жүйелі жұмыс жасау, сабағына үлгеру оңай емес. «Дегенмен жүрек қалаған іспен айналысуға уақыт табуға болады, —дейді Нұрбек. — Түске дейін сабаққа қатысамын. Басты міндетім ғой. Одан кейінгі уақытымның бәрі волонтерлік ұйымымның істеріне арналады. Ұйқыға жатар алдында вотсапты шолып шығамын, инстапарақшадағы директке түскен хабарламаларды қараймын. Көмек сұрайтындар көп. Кейбірі масылдық пиғылмен алдағысы келеді. Ондайларға сақпын. Алдын ала тексеріп аламын. Біздің ұйым шынымен көмекке зәру жандарды ғана қолдайды». Бала шағында ол ойын ойнап, асыр салудан гөрі қарттардың әңгімесін тыңдағанды ұнатыпты. «Үйге келген үлкен кісілердің алдына отырып алады екенмін. Жатыр-қап, жатсынбаппын. Өзім бала бола тұра балаларға сыйлық алғанды жақсы көрдім. Студенттік өмірімде қолыма стипендия түсті. Өйткені мемлекеттік грантта оқимын. Бұрын 20 мың теңге болды ғой, қалта қаражатына да жетпейтін. Бірақ, соны балаларға жұмсауға бір күш итермелейтін. Көбіне ауруханада жатқан науқас балаларға, мүгедек сәбилерге жаным ашиды. Барып сыйлық үлестіргенде кіп-кішкентай епсіз қолдарымен сыйлыққа ұмтылып, тән дертінен азаптанған көздерінің маған күліп қараған сәтін кейін ұмыта алмай, мұңданып жүремін. Мүмкін бала шағымда өзім де сондай бейнетті бастан кешкенімнен бе екен, кім білсін. Сол кезде волонтер деген терминнің түпкі мағынасына мән де бермеппін», — дейді ол. Бір күні Нұрбектің жападан жалғыз жақсылық жасап жүргенін көрген достары жанына қосыла бастайды. Әлеуметтік желіден парақша ашып, ірі деген шараларды жариялап отырады. Сосын облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының бұрынғы басшысы Нұрлан Күнтуов байқап, «Жас сақшы» волонтерлар тобына шақырады. Сонда жүріп, біраз тәжірибе жинауға мүмкіндік берipті. «Жария етпейтін және жария ететін жақсылықтар болатынын түсіндім. Әрине, бір мұқтажға бір қорап азық-түлік апарып,

жақсылық жасадық деп айтой салғанды жаным сүймейді. Бұл — жария етпейтін жақсылық. Бірақ бір адамның қолынан келмейтін ірі істер болады. Біз осы жазда үй сала бастадық. Оны жариялауға болады. Өзгелер де сондай жақсылық жасаулары үшін. Үлгі әрі тарап, бұқаралық сипат алса үйсіз жүрген отбасылардың тұрмыс тауқыметі жеңілдер еді. Адам үшін ең қажеттісі — жеке баспанасының болуы ғой», — дейді волонтер-студент үлкендерше толғанып. Бүгінде Нұрбек Жалғасбаевтың командасы 80 адамнан асты. Командаға жаңа мүшелерді тартуда ол философиялық-психологиялық әдісті қолданады екен. «Адам тұрмыс қиындығына душар болғанда өзін әлемдегі ең бақытсыз жандай сезінеді. Әлсіздік көрсетіп, өмір сындарына төтеп бере алмайтындар бар. Ондайларды демеп жібереміз және қатарымызға қосылуға шақырамыз. Сонда бақытсызбын деген адам өзінен де бетер қиналған жанды көргенде шүкірлік етеді. Қылығына ұялып, енді өзі жақсылық жасауға құлшынады» — деп өзгеше әдісімен бөліседі. Оның ұйымындағы волонтерлардың жас құрамы әр түрлі. Қатарында ақыл-кеңесін айтып отыратын әже де бар. Бір қиыны бас қосатын тұрақты орын жоқ. Сондықтан




жұмыс жоспарын нақтылайтын кезде кездесулер әрқалай өтіп, кейде берекесі қашады. Жүзбе-жүз айтылар шаруа қамы телефон арқылы жүріп, қыруар уақыт кетеді. Әзірге осы жайды шешіп берер, қолында мүмкіндігі бар мекеме басшысы табылмай отыр. Оған әрине Нұрбектің тауы шағылмайды. Өйткені волонтерлік оның өмірінің мәніне айналды. Әр жақсылықтан соң қанаттанады. Сезімтал жаны рақатқа бөленеді. Салған күш-жігеріне өкінбейді. Өйткені алғыстың құдіреті шексіз. «Өзіңдей ұлды тәрбиелеген ата-анаңа алғыс!» — деген сөзді жиі естиді. Ондай сәтте жанары жасаурап кетеді.



Барлық кезде қолдап жүретін анасы мен әкесінің алдындағы перзенттік борышының бір өтеуі осы болар деп ойлайды. «Түпкілікті жаман адам болмайды. Барлық адамның қолынан жақсылық жасау келеді. Тек ынта болса. Волонтерлардың көбейгенін қалаймын. Франция тұрғындарының тең жартысы ерікті түрде қайырым жасайтындар екен. Жапон және неміс халқы арасында екінің бірі жақсылық жасауға ұмтылып тұрады дейді. Бізде де солай болса. Жылына бір-екі рет, онда да белгілі бір нұсқаумен қайырымдылық акциясын өткізіп, оны жер-жерде жариялап, даурығып жататындар емес.. Дәулетті жандар бар. Бірақ көбі қайырымдылыққа құлықсыз. Біз оны ауқымды шараларымызға қаражат жинағанда байқадық. Қолында барын салатын қарапайым халық. Халықтың қолдауымен іске асып жатыр, бар ісіміз. Алдағы жоспарымыз үй салуды жалғастыру. Бұл нағыз қазір өзекті болып тұрған әлеуметтік мұқтаждық. Жазда бір күнде үйлері өртеніп, күл астында қалған адамдарға көмек бердік, әйелі қайтыс болып, шиеттей алты баламен қайғы жұтып отырған ер кісіге үй салдық. Осы істер жалғасады», — дейді Нұрбек сеніммен. Кейде өзінің де қалтасы босап қалады. Ұйым болғасын қызмет жасап жүрген жандарға назар аудармаса да болмайды. Олардың да арқасынан қағып, қолпаштаса мерейі тасиды. Жыл қорытындысында солардың ішінен ең үздіктеріне сый ұстатқысы келіп еді, әмиянында 2-ақ мың теңге қалыпты. Абдырап қалса да, мақсатынан қайтпай шарасын өткізді. Сол шарада еңбегіне сүйсінген ұйым мүшесі Бағдагүл Чапайқызы апайы қолына «өзіңе жаратарсың» деп 100 мың теңге ұстатты. Қуанып кетті. Ғажайып қой. Иман нұрын сезді. Иман нұры осындай мейірімде. Мейірім — адамгершіліктің ең биігі. Жас бола тұра осы өмір қағидасын волонтер Нұрбек Жалғасбаев ерте түсінген, әрі алдағы ғұмырында нық ұстанып, жарқын істерді жалғастыра бермек.

**Гүлнара Қараша**





# Жыл жаңалықтары Новости года Year news

## ҚУАНЫШБЕК ШҮҢКЕЕВ – АЛТЫН АДАМ

Белгілі қазақстандық ғалымдардың тізімінде алғашқы елуліктегі физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Шүңкеев жыл сайын өткізілетін «Жыл адамы» мемлекеттік жобасында «Ғылым қайраткері-2020» номинациясы бойынша «Алтын адам» сыйлығын алды. Үздік ғалым өмірдегі бар жетістігінің құпиясы – еңбексүйгіштікте екенін айтады. «Егер әрбір ата-ана балаларының бойына еңбексүйгіштікті сіңіретін болса, онда қоғам алдында негізгі борышын ақтағаны деп ойлар едім. Ерінбей-жалықпай еңбек етсе, кім-кімде осындай жетістіктерге жете алады», — дейді Қуанышбек Шүңкейұлы. Сондай-ақ ол табысқа жетудің тетігі ретінде шетел тілдерін үйренудің маңызын қарастырады. «Егер жас маман, мысалы, физика, математика, информатиканы білсе, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білсе, одан артық бесаспап маман болмайды ғой… Ал қазір бұл үшін барлық мүмкіндік бар, жастар тілді тез үйренеді. Жалпы, қазіргі күні өз тілімен қатар өзге әлемдік тілдерді білу — мәдениет. Мәдениетті адам шама келгенше әлемдік тілдерді оқып, үйренуі керек деп есептеймін. Ғылыми жұмыстарымды еркін жазатындай, шет елде өткізілетін ғылыми кеңестерде өз баяндамаларымды көптің талқысына ұсына алатындай ағылшыншам бар. Күн сайын өз бетіммен ағылшын тілін одан әрі тереңдете оқуға тырысамын. Кейбір ғылыми лабораторияға байланысты пәндерді ағылшынша өткіземіз», — деп тұжырымдайды ойын профессор. «Алтын адам» мүсіні Қ.Шүңкеевтің жетістіктер коллекциясында орны ерекше сый болмақ. Қазір ғалым Zhubanov University «Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми-зерттеу орталығында жетекшілік қызметін жалғастыруда. Мұнда радиация, температура және деформация кристалына ұшыраған кезде кең спектрде және температурада жұмыс істейтін абсорбциялық, термоактивті және люминесцентті спектроскопия арқылы зерттеулер жүргізіледі. Орталық заманауи жабдықтармен жабдықталған. Орталықтың «Физика» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура білім бағдарламаларын жүзеге асыруда қызметі қомақты. Университетте «Физика» білім бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес жұмыс істейді. Жақында орталық ғалымдарымен бірге ол 27 ай мерзімге ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми жобасын қаржыландыру грантын жеңіп алған болатын. Қаржыландыру көлемі 58 миллион теңгеден асады. «Торлы симметриясының төмендеуі кездегі сілтілі-галоидты кристалдардың люминесценциясының физикалық ерекшеліктерін зерттеу» ғылыми жобасы «Физика» мамандығында оқитын докоранттардың және Эстония, Латвия және Ресейдегі шетелдік серіктестердің қатысуымен жүргізілетін болады. Сонымен қатар Қ.Шүңкеевтің жетекшілігімен орталық ғалымдары қазақ және орыс тілдерінде, жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқитын 11 класс оқушыларына арналған «Физика» оқулығын жазып шықты. Оқулық биылғы оқу жылы басынан қолданыста. Қуанышбек Шүңкеевтің 35 ғылыми мақаласы Халықаралық Web of Science деректер қорына енгізілген журналдарда басылған, индекс-хиршасы — 7. Ғалымның жетекшілігімен 10-нан астам диссертациялық жұмыстар қорғалды.



## КУАНЫШБЕК ШУНКЕЕВ — ЗОЛОТОЙ ЧЕЛОВЕК

В ежегодном государственном проекте «Человек года» доктор физико-математических наук, профессор Куанышбек Шункеев, входящий в топ-50 списка известных казахстанских ученых, получил премию «Золотой человек» в номинации «Ученый-2020». Лучший ученый говорит, что секрет всех успехов в жизни - это упорный труд. «Если каждый родитель прививает своим детям трудолюбие, то я думаю, что они оправдали свой главный долг перед обществом. Такого успеха может добиться каждый, если будет много работать», — сказал Куанышбек Шункеевич. Он также считает, что изучение иностранных языков является механизмом успеха. «Если молодой специалист знает, например, физику, математику, информатику, казахский, русский, английский языки, не будет лучше и талантливее его… А сейчас для этого есть все возможности, молодые люди учат языки быстро. В общем, сегодня это культура - знать, помимо своего родного, другие мировые языки. Считаю, что культурный человек должен как можно больше читать иностранную литературу. Я владею английским языком, поэтому могу свободно писать свои исследовательские работы и представлять свои доклады на зарубежных научных конференциях. Мы преподаем некоторые связанные с наукой предметы на английском языке», - заключил профессор. Статуэтка «Золотой человек» займет особое место в коллекции достижений К.Шункеева. В настоящее время ученый продолжает руководить научным центром «Радиационная физика материалов» при Zhubanov University. Здесь проводятся исследования методами абсорбционной, термоактивной и люминесцентной спектроскопии, которые работают в широком диапазоне температур при воздействии излучения, температуры и деформации кристаллов. Центр оснащен современным оборудованием и играет значительную роль в реализации программ бакалавриата, магистратуры и докторантуры по направлению «Физика». В университете действует диссертационный совет по образовательной программе «Физика». Недавно вместе с учеными центра он выиграл грант на финансирование исследовательского проекта Министерства образования и науки Республики Казахстан сроком на 27 месяцев. Сумма финансирования превышает 58 миллионов тенге. Научно-исследовательский проект «Исследование физических свойств люминесценции щелочно-галогенидных кристаллов с пониженной симметрией решетки» будет проводиться с участием докторантов по специальности «Физика» и зарубежных партнеров в Эстонии, Латвии и России. Кроме того, под руководством К. Шункеева учеными центра издан учебник «Физика» на казахском и русском языках для учащихся 11 классов, обучающихся по обновленной образовательной программе. Учебник используется с начала этого учебного года. 35 научных статей Куанышбека Шункеева опубликованы в журналах, входящих в базу данных International Web of Science, индекс -7. Под руководством ученого защищено более 10 диссертаций.

## KUANYSHBEK SHUNKEEV — THE GOLDEN MAN

In the annual state project «Person of the Year», Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor Kuanyshbek Shunkeev, included in the top 50 list of famous Kazakhstani scientists, received the Golden Man award in the «Scientist-2020» nomination. The best scientist says that the secret of all success in life is hard work. "If every parent instills hard work in their children, then I think they have justified their main duty to society. Everyone can achieve such success if they work hard, "said Kuanyshbek Shunkeyevich. He also believes that learning foreign languages is a success mechanism. "If a young specialist knows, for example, physics, mathematics, computer science, Kazakh, Russian, English, he will not be better and more talented… And now there are all the opportunities for this, young people learn languages quickly. In general, today it is culture - to know, in addition to their native language, other world languages. I believe that a cultured person should read foreign literature as much as possible. I speak English, so I can freely write my research papers and present my reports at foreign scientific conferences. We teach some science-related subjects in English, "concluded the professor. The «Golden Man» statuette will occupy a special place in the collection of K. Shunkeev's achievements. At present, the scientist continues to lead the research center «Radiation Physics of Materials» at Zhubanov University. Here, studies are carried out by methods of absorption, thermoactive and luminescence spectroscopy, which operate in a wide range of temperatures when exposed to radiation, temperature and deformation of crystals. The center is equipped with modern equipment and plays a significant role in the implementation of undergraduate, graduate and doctoral programs in Physics. The university has a dissertation council for the educational program «Physics». Recently, together with the scientists of the center, he won a grant to finance a research project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for a period of 27 months. The amount of financing exceeds 58 million tenge. The research project «Investigation of the physical properties of the luminescence of alkali halide crystals with low lattice symmetry» will be carried out with the participation of doctoral students in the specialty «Physics» and foreign partners in Estonia, Latvia and Russia. In addition, under the leadership of K. Shunkeev, the scientists of the center published the textbook «Physics» in Kazakh and Russian languages for 11th grade students studying according to the updated educational program. The textbook has been in use since the beginning of this school year. 35 scientific articles by Kuanyshbek Shunkeev have been published in journals included in the International Web of Science database, index -7. More than 10 theses have been defended under the guidance of the scientist.

## ☑ Жыл жаңалықтары ☑ Новости года ☑ Year news

### ӘЛЕМ СУРЕТШІЛЕРІ АБАЙДЫ БЕЙНЕЛЕДІ

Қазақтан шыққан ұлы кемеңгер, ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай Zhubanov University «Көркем еңбек және дизайн» кафедрасы сырттай халықаралық көркемөнер көрмесін өткізді. Оған Ресей, Польша, Хорватия, Украина, Башқұртстан, Аргентина, Литва, Татарстан, Чувашия мемлекеттерінен және еліміз Қазақстаннан 43 суретші өз жұмыстарымен қатысты. Қатысқан суретшілер бұрын кем дегенде 50-150 көрмеге шығармаларын ұсынған кәсіби шеберлер. Көркем туындыларды online жүйесінде кез-келген қызығушылық танытушы көре алды. Көрермен назарына 22 тақырыптық экслибрис, 3 кескіндеме жұмыс, 1 мүсін мен сәндік-қолданбалы жұмыстар — сөмкелер мен аяқ киімдер үлгілері қойылды. Көрме барысында сондай-ақ Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты тарихи құжаттар мен құнды қолжазбалар, фотосуреттер таныстырылды.



### ХУДОЖНИКИ МИРА ИЗОБРАЗИЛИ АБАЯ

Факультет искусства и дизайна Zhubanov University приурочил к 175-летию великого казахского поэта Абая Кунанбаева международную заочную художественную выставку. В ней приняли участие 43 художника из России, Польши, Хорватии, Украины, Башкортостана, Аргентины, Литвы, Татарстана, Чувашии и Казахстана. Участвующие художники - профессиональные мастера, ранее представившие свои работы не менее чем на 50-150 выставках. Увидеть произведения искусства online смог любой желающий. Зрителям были представлены 22 тематических экслибриса, 3 картины, 1 скульптурная и декоративно-прикладная работа - сумки и обувь. Также на выставке были представлены исторические документы, ценные рукописи и фотографии, связанные с жизнью и творчеством Абая.

### WORLD ARTISTS PORTRAYED ABAY

The Faculty of Art and Design of Zhubanov University has timed an international correspondence art exhibition to coincide with the 175th anniversary of the great Kazakh poet Abai Kunanbayev. It was attended by 43 artists from Russia, Poland, Croatia, Ukraine, Bashkortostan, Argentina, Lithuania, Tatarstan, Chuvashia and Kazakhstan. The participating artists are professional craftsmen who have previously presented their work at least 50-150 exhibitions. Anyone could see the works of art online. The audience was presented with 22 thematic bookplates, 3 paintings, 1 sculptural and decorative-applied work - bags and shoes. Also at the exhibition were presented historical documents, valuable manuscripts and photographs related to the life and work of Abai.

### ЖҰБАНОВ КЕРУЕНІ – СӘТТІ ЖОБА

Covid19 індетіне байланысты басталып кеткен әлемдік пандемияның кедергі жасауына қарамастан мектеп түлектеріне кәсіптік бағдар беруді мақсат еткен «Жұбанов керуені» мегажобасы нәтижелі аяқталды. Жобаны жүзеге асыру барысында Алға, Қобда, Темір, Байғанин, Мұғалжар, Қарғалы, Мәртөк, Хромтау, Ырғыз, Әйтеке би, Шалқар,



Ойыл аудандарындағы және қала мектептерінде 300-ден аса кездесу өтті. Түлектердің таңдаған мамандық пәні негізде кеңестер берілді, университет факультеттері оқытушылары мектептегі әріптестерімен тәжірибе алмасты. Теориялық білім мен практикалық дағдыны бірлесе қалыптастыру үшін аудан мектептерінде 16 кафедра филиалдары ашылды. Университет 5 аудан әкімдігімен өзара серіктестік меморандумына қол қойып, тұрақты байланыс орнатты. Ауыл мектептерінде университет профессор-оқытушы құрамы ғылыми-әдістемелік семинарлар, тренингтер өткізіп, 400-ден астам мектеп мұғаліміне біліктілігін көтергені туралы сертификат табысталды. Мегажобаға 6500-ге жуық мектеп түлегі қамтылды. Кездесу барысында сауалнама жүргізіліп, ауқымды талдау жасалды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша Zhubanov University-ін 2400-ге жуық түлек таңдағаны белгілі болды. Түлектердің көпшілігі математика-физика, химия-биология, биология-география бейіндік пәндеріне қызығушылық танытқан. Мегажоба қорытындысында 85 мектеп бітірушіге университеттің 85 жылдық мерейтойына орай Қ.Жұбанов атындағы білім гранты тағайындалды. Zhubanov University-де қазір 14600 жас білім алады. Оның 6800-і педагогикалық мамандықтарда оқиды. 1400 студент мемлекеттік және облыс әкімі грантының иегерлері. 794 студентке түрлі жеңілдіктер берілген, 150 студент демеушілердің арнайы стипендиясына білім алуда. Жаңа оқу жылында 1-курсқа барлығы 6000-ға жуық білім алушы қабылданды.

### КАРАВАН ЖУБАНОВА — УСПЕШНЫЙ ПРОЕКТ

Несмотря на препятствия глобальной пандемии, вызванной эпидемией Covid19, успешно завершен мегапроект «Караван Жубанова», направленный на профессиональную ориентацию выпускников школ. За время реализации проекта проведено более 300 встреч в школах Алгинского, Кобдинского, Темирского, Байганинского, Мугалжарского, Каргалинского, Мартукского, Хромтауского, Иргизского, Айтекебийского, Шалкарского, Уилского районов и города Актобе. Консультации давались на основе выбранной специальности выпускников, преподаватели факультетов университета обменивались опытом с коллегами из школ. Для совместного формирования теоретических знаний и практических навыков в школах района открыты 16 филиалов кафедр. Университет подписал меморандум о сотрудничестве с 5 районными акиматами и наладил регулярные контакты. В сельских школах профессорско-преподавательский состав университета провел научно-методические семинары, тренинги, более 400 учителей школ были награждены сертификатами повышения квалификации. В мегапроекте приняли участие около 6 500 выпускников школ. В ходе встречи был проведен опрос и комплексный анализ. Его результаты показали, что около 2400 выпускников выбирают Zhubanov University. Большинство выпускников интересовали смежные предметы математика-физика, химия-биология, биология-география. В результате реализации мегапроекта 85 выпускникам школ были вручены образовательные гранты имени К. Жубанова в честь 85-летия вуза. В настоящее время в Zhubanov University обучается 14 600 молодых людей. Из них 6800 выбрали педагогические специальности. 1400 студентов обладатели государственной стипендии и стипендии акима области. 794 обучающихся получили различные льготы. 150 студентов получили специальные стипендии от спонсоров. В новом учебном году было принято порядка 6000 первокурсников.

### CARAVAN ZHUBANOV SUCCESSFUL PROJECT

Despite the obstacles of the global pandemic caused by the Covid19 epidemic, the megaproject “Caravan Zhubanov”, aimed at vocational guidance of school graduates, has been successfully completed. During the implementation of the project, more than 300 meetings were held in schools of Alga, Kobda, Temir, Baiganin, Mugalzhar, Karga, Martuk, Khromtau, Irgiz, Aiteke bi, Shalkar, Uil districts and the city of Aktobe. The consultations were given on the basis of the chosen specialty of the graduates, the teachers of the faculties of the university exchanged experiences with colleagues from schools. For the joint formation of theoretical knowledge and practical skills in the schools of the district, 16 branches of departments have been opened. The university signed a memorandum of cooperation with 5 regional akimats and established regular contacts. In rural schools, the teaching staff of the university conducted scientific and methodological seminars, trainings, more than 400 school teachers were awarded certificates of advanced training. About 6,500 school graduates took part in the megaproject. During the meeting, a survey and a comprehensive analysis were carried out. Its results showed that about 2,400 graduates choose Zhubanov University. Most of the graduates were interested in related subjects mathematics-physics, chemistry-biology, biology-geography. As a result of the implementation of the megaproject, 85 school graduates were awarded educational grants named after K. Zhubanov in honor of the 85th anniversary of the university. Currently, Zhubanov University has 14,600 students. 6800 of them chose pedagogical specialties. 1400 students are holders of state scholarships and scholarships of the regional akim. 794 students received various benefits. 150 students received special scholarships from sponsors. In the new academic year, about 6,000 freshmen were admitted.

The science

# Нам доверяют международный опыт

**В университете созданы научные школы по направлениям физика, математика, филология, история, педагогика и др. Научные разработки профессорско-преподавательского состава Zhubanov University высоко ценятся в отечественном и зарубежном научном сообществе.**

**Например, школа радиационной физики профессора К.Ш. Шункеева популярна в Эстонии, Белоруссии, Польше. Оснащение этой лаборатории не уступает мировым стандартам. В лаборатории наши партнеры из Назарбаев Университета, Тартуского государственного университета Эстонии проводят исследования.**

**Особый интерес представляет школа математиков профессора Ж.А. Сартабанова по решению дифференциальных уравнений, ценны своей актуальностью научные труды известного общественного деятеля, ученого А. Айталы в области социологии, религии, политологии.**

**Проводятся научные исследования в области этнолингвистики и топонимики, литературного краеведения, школы педагогики и психологии, основанной А.А. Калюжным. Археологические исследования историков получили новый импульс в рамках государственных программ «Культурное наследие», «Духовное возрождение».**

**Помимо фундаментальных исследований, вуз специализируется на решении прикладных задач региона. Созданные для этого лаборатории «Парка инновационных технологий», полностью оборудованы.**

**На техническом факультете учеными кафедры «Металлургия» разрабатывается совместный с АО «ТНК Казхром» проект по утилизации хромовой рудной пыли в приобретаемой университетом дуговой печи прямого тока. Опыт плавки руды продемонстрировал эффективность этого проекта. В настоящее время ученые кафедры и завода устанавливают дополнительное оборудование и реализуют такие проекты, как комплексная очистка региона от ферропыли.**

**Совместная команда физиков, химиков и экологов работает над решением экологических проблем региона с помощью диатомита. В некоторых случаях этот материал может помочь решить проблему утилизации сточных вод в жилищно-коммунальном хозяйстве, т.е. бороться с неприятными запахами в Актобе.**

**Прикладные задачи решаются учеными-гуманитариями в рамках программы «Духовное возрождение», в частности, изучение религиозных и мемориальных промыслов, природных и культурных памятников казахов и их внедрение в перспективные туристические направления. Таким образом университет становится ценром научного развития региона.**

**О научной жизни университета уходящего 2020 года ознакомимся в обзоре достижений директора департамента науки, кандидата физико-математических наук, ассоциированного профессора Людмилы Мясниковой.**

## Публикационная активность

Основным критерием развития науки является публикация статей в зарубежных рецензируемых журналах, входящих в базы данных Web of Science и Scopus. Учеными нашего вуза достигнуты значительные результаты, которые нашли свое отражение и показывают положительную динамику именно по показателю публикационной активности. За последние пять лет количество публикаций в международных базах данных Web of Science и Scopus увеличилось в два раза. В текущем году уже опубликованы больше 100 статей, вместо запланированных 50. Ожидают печати до конца месяца около десятка трудов наших ученых. Хочется акцентировать внимание еще и на качественном повышении публикаций. Если в 2017 году в первом и втором квартилях базы Web of Science не было ни одной публикации, то в 2020 году таких статей более сорока. Такой резкий скачок спровоцировала грамотная политика вуза в области развития научных исследований. Стратегическим направлением развития вуза является увеличение количества образовательных программ докторантуры, ведь именно работы докторантов под руководством опытных консультантов позволяют оставаться в тренде в различных областях науки, таких как математика и физика, филология и история, педагогика и экономика.

В настоящий момент в базе Scopus под профилем нашего вуза опубликовано 225 публикаций 198 авторов.

Департамент науки постоянно отслеживает информацию о новых публикациях ППС. Нами объединены в единый профиль варианты наименования нашего вуза со дня основания согласно реформациям, а также переводы наименования на иностранные языки, используемые нашими учеными при указании места работы.

## Участие в грантовых конкурсах

2020 год в истории науки Казахстана запомнится не только как год прорывных идей в борьбе с COVID 19, но и как год, в течение которого было объявлено наибольшее количество конкурсов (5!) на грантовое финансирование МОН РК. Это и проекты для молодых ученых (до 40 лет), и так называемые малые гранты (срок реализации 12 месяцев, конкурс проходил дважды), и проекты со сроком реализации 27 и 36 месяцев. Отмечу, что три конкурса были проведены в летнее время. Несмотря на период отпусков ППС от нашего вуза были поданы 16 проектов, из которых одобрено к финансированию 7 проектов - два на 27 месяцев, четыре на 12 месяцев и один проект по молодым ученым (конкурс начался еще в 2019 году). По конкурсу молодых ученых на 2021-2023 годы подано 2 проекта и оба дошли до финального этапа – переданы на рассмотрение в ННС. По последним конкурсам, на 36 и 12 месяцев, заявок от вуза было 22 и 42 соответственно, что наглядно демонстрирует повышение интереса у ученых университета к научно-исследовательской деятельности. Общая сумма выигранных 7 проектов составила около 160 млн. тенге (для сравнения на 2018-2020 гг на 3 проекта было выделено около 66 млн. тенге).

Наибольшее количество проектов было подано от физико-математического и филологического факультетов. Конечно, проекты на 12 месяцев достаточно краткосрочные, но именно благодаря им, формируется научный задел для подготовки заявок уже на проекты более длительного действия.

Из десяти проектов реализуемых в 2020 году половина выполняется преподавателями кафедры физики. Это является результатом труда научной школы профессора Шункеева К.Ш. Проектами грантового финансирования



руководит и сам профессор Шункеев К.Ш. и его ученики – профессор Сергеев Д.М., ассоциированные профессора Бекешев А.З. и Сагимбаева Ш.Ж.

Совершенно новое направление для математиков начинается под руководством профессора Ахмет М.У. и его ученицы, заведующей кафедры математики Тлеубергеновой М.А. Их направление по нейронным сетям и искусственному интеллекту захватывает своей перспективностью и колоссальным применением на практике.

Впервые вузом был выигран проект филологического направления под руководством ректора университета Жубанова, профессора Ердембекова Б.А. При этом очень грамотно была преподнесена тематика, связанная с творчеством Абая. Будет собрана база данных по истории происхождения произведений Абая, на их основе создано Web-приложение.

Отмечу, что проекты профессора Бекназарова Р.А. не теряют своей актуальности в области исторической науки по исследованию вопросов семейных обрядов.

Отрадно, что уже в реализуемых проектах начинается работа по совместному достижению поставленных целей. Так, в проекте под руководством доцента кафедры физики Сагимбаевой Ш.Ж. задействована доцент кафедры химии Тастанова Л.К., а в проекте по филологии активное участие принимают доцент кафедры информатики и информационных технологий Талипова М.Ж. и магистрант 2 курса специальности «Информационные системы» Жантлеуова К.

Считаю, что необходимо сказать о том, что в научных проектах участвуют докторанты и магистранты. Это подчеркивает актуальность тематики их диссертационных исследований.

Анализ состава исследовательских групп показал, что в 6 из 7 проектах присутствуют зарубежные ученые, что лишний раз подчеркивает, что нам доверяют и готовы сотрудничать и передавать свой международный опыт.

Очень надеюсь, что находящиеся еще на различных этапах рассмотрения в Национальном центре государственной научно-технической экспертизы (НЦГНТЭ) 66 проектов, поданных от нашего вуза, будут по достоинству оценены и одобрены к финансированию, так как в них сосредоточено огромное количество самых разных научных идей. Отмечу, что каждая кафедра нашего университета показала свой научный потенциал и участвовала в вышеуказанных конкурсах.

## О цифровизации научных исследований

В современном мире цифровизация начала применяться в научных исследованиях. Именно в них уже есть определенных опыт и результат работы. Упомянутые выше международные базы данных рецензируемых научных журналов Web of Science и Scopus имеют архивы с 1975 года. Постоянная работа с базами данных позволяет отслеживать самые актуальные в данный момент направления науки и техники, так как там имеется и самая полная база данных патентов (Derwent Innovations Index). Отмечу, что в АРУ им. К. Жубанова имеется полный доступ к указанным базам данных, а при регистрации в них на территории вуза, можно работать в своем кабинете и с домашнего компьютера.

В Республики Казахстан в 2020 году произошел полный переход на цифровую подачу заявок на грантовое и программно-целевое финансирование, с помощью информационной системы НЦГНТЭ (https://is.ncste.kz/). При этом у каждого члена исследовательской группы имеется личный кабинет с его данными об образовании, ученой степени, месте работы и наличием публикаций. Дальнейшая реализация и отчетная документация уже выигранных проектов осуществляется также в этой системе, что позволяет отслеживать проекты с момента подачи заявок до их завершающих отчетов.

В 2020 году в связи с пандемией произошли изменения в подаче документов в конкурсе «Лучший преподаватель вуза». Все было реализовано, с помощью онлайн-системы https://universitycontest.iac.kz/. Грамотно созданная программа с интуитивно понятным интерфейсом, позволила подавать заявки, буквально не выходя из дома. Экспертная и апелляционная комиссии просматривали документы претендентов также в данной базе.

Отдельным подпунктом хочу отметить созданные внутри вуза информационные системы science.arsu.kz, science.s.arsu.kz. Инициатором создания этих баз данных является Иісбек Берикхан, директор центра стратегического планирования. Указанные базы позволяют ППС и обучающимся нашего вуза вносить научные публикации в свои личные профили, а заведующим кафедр, деканам факультетов и департаменту науки собирать информацию и проводить анализ публикационной активности.

## Самые цитируемые авторы

В базе Scopus в настоящий момент от нашего вуза зарегистрировано 198 авторов, из которых у 100 имеется индекс Хирша как минимум равный единице. Наибольшее количество публикаций – 36, а также индекс Хирша равный 8 имеет профессор К.Ш. Шункеев.

Вторым расположился ученик Шункеева К.Ш., профессор Сергеев Д.М. с 33 публикациями и индексом Хирша 8.

Первую тройку замыкает профессор Спивак-Лавров И.Ф. с 20 публикациями и индексом Хирша равным 4.

Среди математиков наибольшее количество публикаций у Тлеубергеновой М.А. (13 публикаций, индекс Хирша 4).

**Подготовила**
**Айерке Султанбекова**

☑ Thank you 2020

# Рақме



Міне, дүние жүзін дүр сілкіндірген, өте күрделі, моральдық ауыр жылды шығарып салдық. Тышқан жылында жыл символы тәрізді тығылып өмір сүруге тура келді. Әлемді жайлаған Covid19 індеті бізге де жетіп, қалыпты жағдайымызды бұзып, өз ыңтиярына көндірді. Наурыздан бастап қашықтан оқытуға көштік. Бізге де, білім алушыларға да психологиялық тұрғыдан қиын болды. Оқу корпустары қаңырап бос қалды. Оқытушылар үйлерін оқу кабинеттеріне айналдырды. Тәжтажал арамыздан бірнеше әріптестерімізді алып кетті. Университет дамуына сүбелі үлес қосып жүрген тәжірибелі педагогтар еді. Амал қайсы, өкінішті.

Маусым, шілде айларында орын алған індетке байланысты ел бойынша дағдарыс кезінде университеттің тігін цехында бетперде тігіліп, қызметкерлерге таратылды. Химиктер антисептик дайындады. Бастауыш кәсіподақ ұйымы мұқтаждық көре бастағандарға қаржылай жәрдем көрсетті. Қанша қиындық кездессе де біз алда тұрған жоспарларымыз бен мақсаттарымыздан бас тартқан жоқпыз. Міндеттер өз уақытына сай орындалды.

Жаңа оқу жылында тағы 6 мыңға жуық студентті оқуға қабылдадық. Жылдағы көрсеткіш төмендеген жоқ. Оған себеп Жұбанов керуені мегажобасының сәтті аяқталуы деп білемін. Пандемия басталғанға дейін барлық аудан, қала мектептерін аралап, кәсіптік бағдар бердік. Жоба барысында 2500 түлек таңдауын жасап, біздің университеттің түрлі мамандықтарына түсуге дайындалды. 2020 жылда цифрлы университетке көшу процесінде нақты қадамдар жасалды. Алғаш рет Цифрландыру апталығы өткізіліп, SmartUniversity жобамыздың жүзеге асу барысын пысықтап алдық. ZOOM платформасында вебинар ұйымдастырып, онда цифрландыру бойынша жасалған жұмыстарды баяндап, тәжірибе бөлістік. Цифрлы университетке көшу жобасын жүзеге асыруда бір жыл бұрын SmartARSU мобильді қосымшасы жасалған болатын, соның мүмкіндігін қазіргі пандемия кезінде кең пайдалана бастадық. Қосымшаны қолданушылар (студенттер, қызметкерлер, ата-аналар) саны 13 000 адамға жетті. Мобильді қосымша қолданушыларына 63 000 қызмет түрін көрсетеді.

Тағы бір жаңалық өз onilne оқу порталын іске қосуымыз. Порталда әзірге физика-математика факультетінің білім алушылары onilne оқуда. 5600



**Бауыржан Ердембеков**
**Zhubanov University ректоры**
**Филология ғылымдарының докторы**
**Профессор**

қолданушы тіркелген. Жақын болашақта білім беру порталына барлық факультеттер қосылатын болады. Апталық аясында сондай-ақ «Инновациалық туризм» кабинеті ашылды. Онда ArcGIS географиялық ақпараттты жүйесі арқылы «География», «Туризм» және «Тарих» білім бағдарламаларының білім алушылары интеллектуалды карталар құрастыруға дағдылана алмақ. Цифрландыру бағытында жаңа инновациялық біріесккен білім бағдарламалары: «Компьютерлік инженерия», «IT медицина» ашылып, оқытылуда.

Айтып отырғаным, цифрландыру бағытында биыл қол жеткізген табыстарымыз. Соңғы екі жылда университеттегі барлық оқу процесін ұйымдастыруға қатысты, академиялық, ғылыми зерттеу, тәрбие, білім алушылармен өзара байланысты автоматтандыру барысы ылғи жетілдіру үстінде, тоқтаған емес.

Сонымен қатар университет алғаш рет әлемдік рейтинг QS бағамдық додасына қатысып, 500 үздік университеттер арасында 351-ші позицияны көрсетті. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Білім сапамыз бен ғылыми тәжірибеміздегі көрсеткіштерімізге берілген әлемдік баға. Әриіне, алға ұмтыла б…
шетелдік студент…
верситетті таңда…
жасап, шетелдік …
қазірден де көп ш…
сор-оқытушы құр…
алмасуына мүмкі…
Бүгінде бізде 900 …
білім алады, шет…



лар саны — 70. …
ынша Хирша инд…
жетті. Университет…
пы есеппен 160 …
кеттік ғылыми гра…
2020-2022 жылы …
ситеті ғалымдары…
қорғалған топырақ…
циялық қияр сорт…
нологиясы» ғыль…
жобаларының бірі…
логия» кафедрась…
рымен жасалып …
алғашқы жемісін …
мақсаты — Ақтөбе…
және қорғалған т…
да отандық қияр с…
өнімділігі мен сапа…
латын. Биолог ғал…
ында қияр өсіруді …
ашық жерге, униве…
на отырғызылды…
асқабақ тұқымдас…
түрі жылыжайлард…
тіп мамандар қор…
топырақ бетіне егі…
бақылады. Қияр е…
берді. Мұнда отан…
ласында сыналған…
түрі бар. Маманда…
дандастыру арқыл…
шығарды. Олард…
стандарт» деп ата…
одан басқа 5 түрі ө…

# ет, 2020!

ермекпіз. Ол үшін
тердің біздің уни-
уы үшін жағдай
профессорларды
шақырып, профес-
раммен тәжірибе
ндікті күшейтеміз.
шетелдік студент
телдік профессор-



Университет бой-
ексіміз биыл 9-ға
т ғалымдары жал-
млн.теңге мемле-
нтын жеңіп алды.
Жұбанов универ-
ның «Ашық және
та отандық селек-
арын өсірудің тех-
ими-инновациялық
нің аясында «Био-
ының оқытушыла-
жатқан жұмыстар
берді. Жобаның
облысының ашық
опырақ жағдайын-
орттарының өсуін,
асын бақылау бо-
ымдар маусым ай-
қолға алды. Тұқым
рситетінің аумағы-
. Тамыз айында
өсімдіктердің бұл
да сыналды. Сей-
алған және ашық
лген қиярдың өсуін
кі айда 3 рет өнім
дық селекция са-
н қиярдың барлық
р тұқымдарды бу-
ы жаңа сорттарын
н ішінде — «Ұлан
алатын қияр және
сірілді. Өңір клима-

тына бейімдеп, өнім алу оңай шаруа емес екені белгілі. Шілденің аяғында ашық грунтта өсірілген қиярдың перспективалы отандық сорттарына дегустациялық баға беру өткізілді. Дегустаторлардың назарына қиярдың 6 сорты ұсынылды. Бұл инновациялық жоба университет қаржысына жасалуда. Мамандар келесі жаңа өнімді қазақтың батыр қызы Әлияның құрметіне атамақшы.

2020 жылы Төлеген Айбергенов атындағы конференц залы, Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы дәрісхана, Үмбетбай Уайдин атындағы оқу кабинеті ашылды.

Және бір оң жаңалық физика, математика, филология салалары бойынша диссертациялық кеңестердің ашылуы. Екі математик жас оқытушы мұнда аз уақыт аралығында диссертацияларын қорғап, Phd дәрежесін алып та үлгерді.

Жастарды ғылымға тартуды жалғастыруда биыл да 100-ден астам жас маманды қызметке алдық.

Волонтер жылында жұбановшы жастар аса белсенділік көрсетіп, қайырымдылық істердің басында жүрді. Жазда Мақтааралдағы су тасқынынан зардап шегушілерге материалдық көмек жинауды ұйымдастырды, індеттің өршу кезінде ауруханаларға жәрдемдесті. Жыл қорытындысында жастар еңбегі лайықты бағаланып, облыс әкімдігі өңірдегі ең үздік волонтерлар ретінде марапат жасады.

Елімізде хаким Абайдың 175 жылдығы атап өтілді. Абайтанушы ретінде үлес қосып, «Абайтану» кітабымды шығарып, облыс кітапханаларына үлестірдік. Студенттеріміз Абай шығармашылығына қатысты барлық шараларға online жүйесінде қатысты, жүлделер иеленді. Өткен жылдағы ең маңызды оқиға әрине университеттің 85 жылдық мерей тойын өткізу болды. Дәрежесінде өтті. Шараларды кезең-кезеңмен ұйымдастырдық. Университет тарихы кітап болып шықты. Оқытушылар, ардагерлер, түлектер, меценаттар, серіктестер арасынан 1000-ға жуық адам мерекелік медальмен, Жұбанов, Еңбек ардагері медальдарымен, білім алушылар «Үздік студент» төсбелгісімен марапатталып, бірінші курсқа түсуші талапкерлердің таңдаулысына Қ.Жұбанов атындағы грант табысталды. «Жұбанов маршы» университет гимні жазылды. Жыл қуаныштарының бірі — физик-ғалым, профессор Қуанышбек Шүңкеев «Жыл адамы» мемлекеттік жобасында «Ғылым қайраткері — 2020» номинациясында жеңімпаз атанып, «Алтын адам» мүсіні сыйлығын алды.

Сондай-ақ университет түлектері үшін де бұл жыл мерейлі болды. Кәсіптік-шығармашылық факультетін бітірген Бағдат Жұбаныш аралас жекпе жектен халықаралық дәрежеде Жыл спортшысы атанса, осы факультеттің келесі түлегі Кенжеғалиев Жігер мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты болды.

Жылды үздік жетістіктер көрсеткені үшін барлық факультеттер мен бірнеше құрылымға жаңа жылдық сыйлық ретінде моноблоктар табыстаумен аяқтадық.

Кіргелі тұрған 2021 сиыр жылы да мол табыс сыйласын, ең бастысы деніміз сау, басымыз аман болсын! Білім алушыларымызбен қайта қауышатын күн тезірек туысын!

Рақмет, 2020!





# ЖҰБАНОВ МАРШЫ

*Сөзі — Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫНІКІ*
*Әні — Орал-Қосай БАЙСЕҢГІРДІКІ*

Сыйлаған жанға шуақ ақ самалы,
Жастықтың шырқалады асқақ әні.
Бақыттың ауылына апарар жол
Білімнің ұясынан басталады.
Білім кені,
Ғылым кені —
Қазынаға толған төрім!
Даңқың ерек,
Нарқы бөлек —
Қасиетті ордам менің!
Шыққанда сәуле шашып, қуанып күн,
Сүйеді ескерткішін ұлы алыптың.
Ұрпақпыз жеткізетін болашаққа
Есімін Құдайберген Жұбановтың.
Арманы — асқар,
Алға бастар,
Дуалы ауыз, құт-көмейім.
Ғалымдарың,
Нар ұлдарың
Асқақтатар ұлт мерейін!
Дала ғұрпын,
Дана рухын
Қабыл алдық мұра ғып біз.
Тілім дейтін,
Ділім дейтін,
Біз бүгінгі Жұбановпыз!
Елім дейтін,
Жерім дейтін,
Біз бүгінгі Жұбановпыз!
Ұлтым дейтін,
Жұртым дейтін,
Біз бүгінгі Жұбановпыз!

## ☑ 29 years of independence of Kazakhstan

**Zhubanov University Техникалық факультеті 1991 жылы инженерлік-педагогикалық факультет негізінде қалыптасқан. Ол кезде факультет құрамында жалғыз «Жалпы техникалық пәндер» кафедрасы болды. Негізгі міндет еңбек сабағының мұғалімдерін дайындау еді. Осы мамандықтың негізінде жалпы техникалық пәндерді дамыту арқылы (теориялық механика, материалдар кедергісі, материалтану, қолданбалы механика, гидравлика, машина детальдары, сызба геометриясы және сызу, стандарттау негіздері) келешек инженерлерге қажет негіз қалыптастырылды. Арада өткен 29 жылдағы түпкілікті өзгерістер мен алдағы мақсат-мүдделер жайлы Техникалық факультет деканы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Балғынова Ақжарқын Мерекеқызының әңгімесінде.**



# ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ -

**— Техникалық факультет — тәуелсіздік құрдасы. Факультеттің қалыптасуы мен дамуында осы 29 жыл ішінде ең нәтижелі қай жылдар болды деп санайсыз?**

— Жалпы факультеттің қалыптасуы мен дамуында ең нәтижелі болған 1996-2010 жылдар аралығы деп санаймын. Себебі, Батыс Қазақстан өңірінің табиғи байлықтарын тиімді пайдалану мақсатында Ақтөбе облысында ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында түрлі өндірістер құрыла бастады. Олардың негізгі бағыттары: мұнай-газ, тау-кен, минералды шикізаттарды өңдеу салалары болды. 1996 жылдың 1-қыркүйегінде облыс әкімшілігінің қолдауымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің жанынан техникалық кадрлар даярлайтын мамандықтар ашыла бастады. Сол жылы «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы», «Автомобильдер және автомобильдер шаруашылығы», «Қара металдар металлургиясы» мамандықтары ашылып, студент қабылданды. Әрі қарай 1998-2004 жылдар аралығында «Жол қозғалысын ұйымдастыру», «Отынның және көмірсутекті материалдардың химиялық технологиясы», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Мұнай-газ және көмірдің химиялық технологиясы», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Дизайн», «Мұнай-газ кен орындарын игеру және пайдалану», «Мұнай-газ ісі» (мұнай-газ кенорындарын игеру және пайдалану мамандығының жалғасы ретінде) мамандықтары қосылды. 2010 жылы 2 жаңа мамандық: «Құрылыс» және «Тау-кен ісі» мамандықтарына қабылдау жүрді. 2019 жылы «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығын аштық.

Осы кезеңде университет басшылығының арнайы шақыртуымен келген Қарағанды политехникалық институтының белді маманы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Д.Д.Избембетов факультет негізін қалауда көп еңбек сіңірді. Оның тікелей қатысуымен жалпы факультеттің, әсіресе «Металлургия» кафедрасының кадр және материалдық базасы қалыптасты. Қарағандыдан тәжірибелі ғылыми және педагог мамандар: т.ғ.д., профессор Р.Д.Симбинов., т.ғ.к., профессор К.Ж.Симбинова., т.ғ.к. А.Х.Нұрымғалиев., т.ғ.к. Ж.О.Нұрмағанбетов., т.ғ.к. К.К.Каскин келді.

**— Факультетте бүгінде қандай білім бағдарламасы бойынша маман даярланады? Сапалы маман шығаруда, әсіресе техникалық бағытта, материалдық-техникалық базаның лайықтығы маңызды. Осы туралы айтып берсеңіз.**

— Қазіргі таңда техникалық факультетінің іргесінде өндіріс мекемелерінің сұраныстарына, нарықтық экономика талаптарына сай төменде көрсетілген білім бағдарламалары бойынша жоғары білімді техникалық мамандар дайындалады. Атап өтсем:

— Көлік, көлік техникасы және технологиялары

— Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалды ұйымдастыру

— Құрылыс

— Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру. Көлік құрылысы

— Металлургия

— Пайдалы қазбаларды байыту

— Тау-кен ісі

— Мұнай-газ ісі

— Электроэнергетика

Сонымен қатар магистратуралық -7М07101 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары», -7М07203 «Металлургия»,- 7М07201 «Тау-кен ісі», -7М07202 «Мұнай-газ ісі» төрт ББ бойынша білім беріледі.

Студенттердің оқу-зерттеу жұмыстарын, зертханалық-практикалық және дәрістік сабақтарын жүргізу үшін факультетте мамандандырылған оқу кабинеттері, заманауи қондырғылармен жабдықталған оқу лабораториялары, өндірісте ұйымдастырылған оқу-зерттеу лабораториялары бар. Лектік және оқу лабораториялары интерактивтік тақтамен, жаңа приборлармен, аппараттармен жабдықталған. Сонымен қатар, оқу шеберханасы, компьютерлік кластар және осы оқу жылында жаңартылған қол жетімді ғылыми кітапхана жұмыс істейді.

Соңғы жылдары нарық талабына сәйкес оқу процесін жетілдіру бағытында факультеттің материалдық-техникалық базасы нығайып, жаңа лабораториялармен, қажетті қондырғылармен, құрал-жабдықтармен толықты. «Металлургия, тау-кен және мұнай-газ ісі» кафедрасында «Байытудың флотациялық әдісі», «Металлургиялық процестерге шикізаттарды дайындау», «Металлургиядағы физикалық-химиялық процестер» зертханалары, «Болат өндірісінің теориясы және технологиясы» виртуальды зертханасы ашылды, АМТ-221 ұңғыны бұрғылау және АМТ-411 ұңғыны күрделі жөндеу тренажер-имитаторларымен, 6 аппаратты-бағдарламалы кешендермен қамтамасыз етілді. Жаңадан ашылған «Электроэнергетика» және «Пайдалы қазбаларды байыту» білім бағдарламалары бойынша оқу процесі осы оқу жылынан бастап виртуалды лабораториялық комплекстер — «Электрлік машиналар, Жалпы энергетика, Электрмен қамтамасыз ету», «VR тренажер», «Цех рудоподготовки» «Электрлік станциялар және подстанциялар», «Подземная разработка и вентиляция» электронды курстарымен жабдықталды.

«Көлік техникасы, тасымалдауды ұйымдастыру және құрылыс» кафедрасы жанында оқу процесін ғылыми-зерттеу нәтижелерімен ұштастыру мақсатында «Тасымал құралдарының іштен жану қозғалтқыштарын зерттеу» және «Көлік ағынын зерттеу және басқару» зертханалары іске қосылды. Бұл зертханаларда энергетикалық қондырғылардың жұмыс процесін және механизмдерін зерттеумен қатар, қала көше-жол торабында көлік ағымын, қозғалыс қауіпсіздігін арттыру проблемаларын зерттеу нәтижесі оқу процесінде қарастырылады. 3D Атлас виртуалды зертханасы, «Автомобиль жүйесінің» имитатор тренажерімен және «Құрылыс» ББ бойынша «Құрылыс материалдарын және асфальтбетон қоспаларын сынау зертханасында» студенттеріміз тәжірибеден өтеді. Бұл зертханалар университеттің технопаркінде орналасқан.

Жалпы факультеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту ешқашан тоқтамайтын жұмыс. Мысалы, келесі жылға да жабдықтарды алуға өтінім беріп жатырмыз. Олардың ішінде ғылыми жұмыстарды жүргізуге қажетті соңғы үлгідегі «Сканерлеу микроскопы», 1-курс студенттерінің оқу практикасын ұйымдастыру үшін және бітіруші студенттерге «Токарь» жұмысшы мамандығын беру мақсатында «Сандық бағдарламамен басқарылатын станогы», сонымен қатар студенттердің практикалық сабақтарына қажет және коммерциализациялау жұмысын жүргізу мақсатында автокөлік құралдарын техникалық байқаудан өткізетін, автомобильдерді вулканизациялау және шиномонтаждау жұмыстарын ұйымдастыру үшін, қазіргі заманғы автокөлік құралдарының электрондық диагностикасын жүргізу үшін керек жабдықтар алынатын болады. Айтылғандардың бәрі сапалы білім берудің өз деңгейінде екендігінің дәлелі. Сәйкесінше факультеттің профессор-оқытушылық құрамының да сапасы өсіп, оның интеллектуалды әлеуеті болашақ білікті мамандарды даярлауға жоғары қабілетті деуіме де негіз бар.

**— Нәзік жандардың темір-терсекке әуестігі жыл санап артып барады. Техниканы азаматтан артық үйіретін қыз-келіншектерге көп таңданбаймыз. Оның ішінде техникалық білімді өмірсерігіңізге айналдырған өзіңіз де барсыз. Бұл не себепке орай пайда болған қызығушылық деп ойлайсыз?**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ

— Бала кезімнен математика, физика пәндеріне қызығушылығым қатты болды. Мектеп қабырғасында жүргенде осы пәндерді өте жақсы көрдім және облыс деңгейіндегі олимпиадаларға қатынастым. Сол қызығушылығым лайық мамандық таңдауыма өз әсерін тигізді деп ойлаймын, себебі техникалық мамандық бұл пәндерді жақсы білуді талап етеді. Техниканың қыр-сырын білу үшін мектеп табалдырығынан аталған пәндерді жетік меңгеру керек деп есептеймін. Жалпы өзімнің екі жоғары (техникалық) білімім бар. Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтында білім алып, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша «Инженер-механик» біліктілігін алдым. Мен оқуға түскенде елімізде ауыл шаруашылығының қарқынды дамып жатқан кезі еді. Қазақстан егемендік алғаннан кейін «Мұнай өндіру» жұмысы қарқынды жүрді де, ауыл шаруашылығына бұрынғыдай көңіл бөлінбей қалды. Сондықтан заман талабына сай 2-ші мамандыққа білім алуыма тура келді. 2001 жылы Атырау мұнай және газ институтының «Мұнай және газ кәсіпшілігіндегі машиналар және жабдықтар» мамандығы бойынша «Инженер-механик» біліктілігін алдым. 2007 жылы «05.20.01 – Ауыл шаруашылығын механикаландыру технологиялары және құралдары» мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациямды қорғап, «Техника ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін алдым.

**— Студенттік жылдар жас адамның таңдаған кәсібіне маманданатын кезі ғана емес, оның рухани ой толыстырып, ақыл тоқтатып, тұлғалық есейетін шағы. Сіз білім алушылармен қандай қарым-қатынас ұстағанды қалайсыз? Сұрағым келіп отырғаны факультеттің тәрбие жұмыстарына араласуға уақыт бөлесіз бе?**

— Сұрағыңыз орынды. Әрине уақыт бөлемін. Оқу мен тәрбие — егіз, «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп ғұлама ойшыл Әл-Фараби айтқандай, факультетімізде түрлі тәрбиелік шаралар ұйымдастырылады. Кураторлар Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арнап ашық тәрбие сағаттарын әртүрлі тақырыптарда өткізді, соның бірі «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» кеші, Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Біліктінің орны төр» зияткерлік ойыны, университетіміздің 85 жылдығына орай «Университет: кеше, бүгін және болашағы» дөңгелек үстелі, рухани-құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында облыстық дін басқармасы, полиция өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Өткізілген барлық шаралар туралы ақпаратты Facebook, Instagram әлеметтік желілеріне салып, бөлісіп отырамыз.

**— Жастарды ғылым-ілімге құмарттыру өз алдына мәселе, үлкен міндет. Бұл ретте сабақ беретін ұстаздар үлгі болуы тиіс деген ойдамын. Техника саласында ғылыми жетістіктері зор оқытушылар жайында айта отырсаңыз. Өзіңіздің әрі қарай ғылыммен айналысуыңызға әкімшілік міндетіңіз кедергі болып жатқан жоқ па? Сол туралы да білу қызық.**

— Факультеттің профессор-оқытушылар құрамында ғылым докторы, ғылым кандидаттары, магистрлер, аға оқытушылар бар. Факультеттің жоғары білікті оқытушылары өзінің білімімен, мол тәжірибесімен жастармен бөлісуге аянбайды. Барлық оқытушылар оқу процесімен бірге ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстарына қатысады. Бізде ҚР Ұлттық инженерлік академиясымен шығармашылық келісім-шарт жасалды, соның негізінде кафедрада іштен жану қозғалтқыштары контрукциясын жетілдіру бойынша т.ғ.к., доцент В.Г.Некрасовтың, т.ғ.к., доцент А.Ж.Мурзагалиевтың және т.ғ.к М.Қ.Қуанышевтың басшылығымен ғылыми-зерттеу жұмыстары атқарылады. Қазіргі таңда кафедраның ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы және аймақтарының транзиттік потенциалын, тасымал технологиялық жүйелерін зерттеу проблемаларымен байланысты. Осы бағытта кафедраның ПОҚ және студенттері еңбек етуде.

2016 жылы «Металлургия, тау-кен және мұнай-газ ісі» кафедрасының оқытушысы т.ғ.д., профессор С.С.Құлнияз ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған конкурсында «ЖОО үздік оқытушысы» атағын жеңіп алды және министрліктің 2018-2020 жылдарға жарияланған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа «Қазақстанның кенді аршықтарында инновациялық тік еңкішті конвейерлі көлікті технологияны қолданудың ғылыми-техникалық негіздемесі» тақырыбындағы ғылыми жобасын ұсынып, грант иегері атанды.

2018 жылы М.К.Имангазинге Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен «Профессор» академиялық дәрежесі берілді.

Факультет оқытушыларының зерттеу жұмысында әртүрлі жаңа әдістерді қолдану барысында шығармашылығын дамыту мүмкіндіктері қалыптасып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелі көрсеткіштері жылдан-жылға артып, Саркулова Ж.С PhD докторы атанды, биылғы жылы 4 оқытушымыз Есенгулов Д. А., Кебеген Е., Есбосынов К. Т., Каукаров А. К. философия доктору (PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларын қорғауға шығады, 3 оқытушымыз Жүнісқалиев Т.Т., Қуатбай Е.Қ., Уахитова Б.Т. докторантурада оқиды, биыл тағы 2 оқытушымыз Ерекеева Г.С. және Есқалина Қ.Т. докторантураға түсті. Осындай жақсы жаңалықтарымыз бар.

Факультеттің ПОҚ ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысып, 36 айлық жобаға — Сариев О.Р., Акуов А.М. екі жоба ұсынды, 12 айлық жобаға — Балғынова А.М., (өзім) Сариев О.Р., Алматова Б.Г. үш жоба ұсындық. Осы жобалардың қорытындысын күтіп отырмыз.

Атқарып отырған қызметіме келетін болсам, адам уақытын тиімді пайдалана білсе барлығына да үлгеруге болады, бірақ жасыратыны жоқ, кейде уақыт жетпей қалып жатады. Студенттер мен магистранттардың дипломдық, диссертациялық жұмыстарына жетекшілік етіп, оларды ғылыми жаңалықтардан хабардар ету, түрлі ғылыми жобаларға дайындау — басты мақсатым. Осы орайда университеттің 2020-2022 жылдарға ішкі ғылыми-инновациялық гранттық қаржыландыру жобасына «Жоғары технологиялық жабдықтарды қолдана отырып, жоғары сапалы өнімдерді алу үшін мұнай шламдарын қайта өңдеу кезіндегі технологиялық процестерді әзірлеу» тақырыбындағы ғылыми жобамды ұсынып, жоба иегері атандым. Бұл менің ғылымға деген қызығушылығымды арттырып, одан әрі қанаттандырады.

**— Техникалық факультетке түсушілер жыл сайын кеміген емес. Қанша білім алушы бар? Оларды түстеп танисыз ба? Іштерінде «сүйікті» студенттеріңіз бар ма?**

— Дұрыс айтасыз, техникалық мамандықтарға сұраныс өте жоғары. Жалпы факультет бойынша барлығы 1542 студент, оның 1130 білім гранты иегерлері, кәсіпорындар тарапынан 43 студент, Президент стипендиясының иегері 1 (Металлургия 3 курс студенті Жақан А.М), «Серпін» бағдарламасы бойынша 33 студент, шетелдік студенттер — 33. Биылғы жылы біздің факультетке 1-курсқа қабылданғандар саны — 331 студент. Соның ішінде жаңадан ашылған «Электроэнергетика» ББ 80 студент қабылданды, оның 67 студенті мемлекеттік білім гранты иегерлері. Жалпы студенттердің барлығы мен үшін бірдей, оларды бір-бірінен бөле алмаймын. Мен үшін барлығы да «сүйікті» студенттер.

**— Факультетке өңірдегі өндіріс орындары мен кәсіпорындардың назары қандай, байланыс қалай?**

— Жалпы өндіріспен үнемі тығыз байланыстамыз. Себебі, біздің факультетте дуалдық оқыту жүйесі оқу процесіне енгізілуіне байланысты, өндіріс базаларында кафедра филиалдары ашылды. Оқу және өндірістік практикалар осы өндіріс базаларында жүргізіледі. Факультеттің білім беру бағдарламасын құруға жұмыс берушілер тікелей араласады.

Оқу сапасын жоғарылату мақсатында мына өндіріс орындарымен байланыс күшейтілген: «Автопарк», «Казақавтожол», «АктюбНИГРИ», «Темірбетон-Ақтөбе» «МТС Трактор», «Лотос-Ақтөбе» ЖШС, ТҰК «Казхром» АҚ және т.б. Пандемияға дейін «Жалпы және мұнай геологиясы» және «Мұнай-газ саласындағы қоршаған ортаны қорғау» пәндерінен практикалық сабақты «АктюбНИГРИ» ЖШС базасында және басқа да филиалдарда сабақтар өткізілді. Пандемия аяқталғасын жалғасады.

Оқу процесі өндіріспен тығыз байланысты, оқу-өндірістік практика аймақтағы ірі өндіріс мекемелерінде: «Автопарк» ЖШС, ІІД ЖПБ, «Тазалық» ЖШС, Ақтөбе қалалық «Көліктік-логистикалық орталық», «КолАвто» ТҚКС, «Данай-Актобе» ТҚКС, «Альтаир» ТҚКС, «Центр технического осмотра Актобе» ЖШС, «СНПС Ақтөбемұнай» АҚ, «ТУ-ХА» мұнай технологиялық қызмет көрсету компаниясы ЖШС, «Каспиймұнай ТМЕ» АҚ, «Kazakhstan Oil Services» ЖШС және т.б. мекемелер бөлімшелерінде өтеді.

Студенттердің білім сапасын арттыруда және мұнай өнеркәсібіндегі жаңа техникалар мен технологияларды таныстыру мақсатында мұнай-газ компанияларынан мамандар шақыртылып, олар студенттерге қонақтық дәрістер оқиды.

Сізбен де маңызды сұқбат болды, көкейде жүрген мәселелер де, алға қойған мақсаттар да қамтылды. Техникалық факультеттің тұрмыс-тіршілігімен, қалай, қандай бағытта жұмыс жасап жатқандығымыз жайында таныс болдыңыз, алда да ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыс түрлерін, соның ішінде гранттық жобаларға, шаруашылық келісім-шарт жұмыстарына көбірек қатысуды, өндірістік практиканы, оқу процесіндегі дуалды оқыту жүйесін ендіру жұмыстарын және техникалық бағытта коммерциализациялау жұмыстарын жандандыруды мақсат етіп отырмыз. Жалпы жоспарлар өте көп, олардың орындалуы уақыт еншісінде. Сіздің тарапыңыздан қойылған сұрақтарға толық жауап бере алдым деп ойлаймын, көп рақмет! Техникалық факультеттің жоғары деңгейдегі профессор-оқытушы құрамы Тәуелсіз еліміздің мәртебесін биіктете түсуде білікті, нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік талаптарына сай техникалық мамандарды даярлау ісіне үлес қоса бермек.

**Сұқбат алған**
**Гүлнара Қараша**

☑ December 19 — Birthday of Kudaibergen Zhubanov

# ЖҰБАНОВТАНУ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕТТЕРІ

**Нұрбол САДУАҚАС**
**Филология ғылымдарының кандидаты, доцент**
**Zhubanov University**
**«Жұбановтану» ҒЗО жетекшісі**

**Профессор Құдайберген Жұбанов өткен ХХ ғасырдың бас кезеңінде өмір сүріп, өз кезінде қазақ тіл білімі саласының қалыптасуына ерекше үлес қосқан талантты ғалым еді.**




Профессор Құдайберген Жұбановтың тума талант ғалым екендігін өткен ғасырдың орта тұсында халқымыздың белгілі азаматтары М.Әуезов, І.Кеңесбаев, А.Жұбанов, М.Қаратаев, А.Ысқақов, Ы.Маманов, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, Ә.Тәжібаев, Ғ.Орманов, Х.Есенжанов, Б.Кенжебаев, Ә.Дербісалин, Қ.Бектаев, одан кейінгі кезде А.Әбдірахманов, Қ.Есенов, А.Ибатов, Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев, Б.Хасанұлы, Б.Әбілқасымов, Н.Оралбаева, Т.Жанұзақов, М.Мырзахметов, т.б айтып, жоғары ғылыми бағасын берген болатын. Ғалымның бізге жеткен еңбектерінің құндылығын осы кезге дейін жүргізілген ғылыми зерттеулер дәлелдеп қана қоймай, оның еңбектерінде қазіргі ғылыми жетістіктерге байланысты пайда болған жаңа ғылыми бағыттардың да алғашқы ұшқындары көрініс табатындығымен ерекшеленіп отыр. Қазіргі кезде оның ғылыми еңбектері терең зерттеліп, Жұбановтану деген атпен ғылыми ортаға кең танылды. Қазақ тіл біліміндегі бүгінгі зерттеу жұмыстары да профессор Қ.Жұбанов еңбектерімен байланыста қарастырылып отырғанын, сондықтан Жұбановтану саласындағы зерттеулердің де маңызы зор екендігін ерекше атап көрсетуге болады.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы 19 желтоқсанда қазіргі Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, Жаңатұрмыс (Қосуақтам) ауылында дүниеге келді. Алғашқыда Оспан ишанның мешітінде араб тілін үйреніп, ауыл мектебінде білім алып, одан кейін екі кластық Жұрын мектебінде, Орынбор қаласындағы «Хұсайния» медресесінде, Күйіккаладағы (Елек қаласы) екі кластық орыс училищесінде оқыған. Білім қуған Қ.Жұбанов 1928 жылдың жазында Ленинградтағы А.С.Енукидзе атындағы Тірі шығыс тілдері институтын жарты жыл шамасында экстерн ретінде тәмамдап, тілші-түрколог дипломын алады. Ал 1930 жылдың күзінде Ленинградтағы КСРО Ғылым академиясының Тіл және ойлау институтындағы (қазіргі Тіл білімі институты) «Яфетидологиялық семинарға» аспирант болып, тіл білімі саласындағы қазақтың тұңғыш аспиранты атанған еді. Қ.Жұбанов 1932 жылы аспирантураны аяқтап, Алматыдағы Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық институтында (ҚазПИ) қазақтың тіл білімі саласында тұңғыш профессоры атанып, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 1934 жылдың қыркүйегінен бастап декан қызметтерін атқарған.

Ғалымның отбасы, кейінгі ұрпақтары жөнінде сөз етсек, Құдайберген Жұбанов пен оның жұбайы Раушанның өмірінің жалғасы болып, олардың ізін жалғаған алты баласынан қазір немере ұрпақтары бар. Ең үлкен ұлы Жұбанов Ақырап (1927-2007) Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін Ленинград қаласында В.И.Мухина атындағы ВХПУ-ді оқып бітірген. Қазақстан суретшілер одағының және КСРО суретшілер одағының мүшесі, «Мәдениетке еңбегі сіңген қайраткер», «Қазақстан Республикасы Суретшілер академиясының академигі» болған; Үлкен қызы Жұбанова Мүслима (1926-2012) тіл білімі маманы, педагогика ғылымдарының кандидаты. Әліппе авторы; Жұбанов Есет (1929-2007) тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын оқып бітірген; Жұбанова Қызғалдақ 1933 жылы дүниеге келген, мамандығы — экономист, Қазақ ұлттық университетінде оқыды; Жұбанова Қырмызы (1935-1983) білімді, еңбекқор, талапты болған; Жұбанов Асқар (1937-2020) математика және тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтының «Математика» мамандығын оқып бітірген; Құдайберген Жұбановтың немерелерінің бірі — Ардақ Есетқызы Жұбанова 1962 жылы туған, ағылшын тілі маманы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Осы кезге дейін профессор Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы бойынша Ж.О.Тектіғұл «Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», М.О.Миров «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасау-

дағы рөлі», Н.А.Садуақас «Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің филологиялық негіздері», А.Қ.Омарова «Профессор Қ.Қ.Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы», Ә.Оралбай «Қ.Жұбановтың публицистикасы», М.Қ.Жазықова «Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы», Ф.Е.Терекова «Языковая личность К.Жубанова (социолингвистическое освещение)», Ж.И.Сұлтан «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» т.б. тақырыптарда ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғады. Ал магистр оқытушы Ә.Ж.Ұлықпанова «Профессор Құдайберген Жұбановтың әдеби шығармашылығы» деген тақырыпта зерттеу орталығы ғалым Қ.Қ.Жұбанов еңбектерін одан әрі зерделеу, студент, жас ғалымдар арасында насихаттау, өзге елдерге таныту және әлі де табылмаған еңбектерін іздестіру бағыттында жұмыс жүргізіп келеді. Ғалым еңбектерінің қазіргі ғылыммен байланысты жақтарын анықтау мақсатында университеттегі студент, магистранттардың дипломдық ғылыми зерттеулеріне де тақырып ретінде ұсынылады. Университеттегі профессор-оқытушылар құрамының ғылым саласындағы жетістіктері мен еңбектеріне байланысты оларды «Қ.Жұбанов» атындағы медаль, арнайы куәлікпен марапаттау, студенттер арасындағы үздіктерге арнайы «Жұбанов» сыйлықтары мен стипендиялары берілуі де профессор Қ.Қ.Жұбановтың асқақ тұлғасын құр-



өзінің ғылыми салмақты зерттеулерін жариялап, ғалымның әдебет саласындағы туындыларын жинақтаумен шұғылданып жүр.

Университет басшылығының Жұбановтану саласын дамыту бағытындағы қолдауы мен қамқорлығы арқасында өткен жылы Қ.Қ.Жұбановтың жаңадан табылған еңбектері енгізілген шығармаларының толық жинағы қайта басып шығарылып, Қ.Қ.Жұбановтың 120 жылдығы және Е.Қ.Жұбановтың 90 жылдығына арналған «Жұбанов тағылымы-Х» дәстүрлі халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы кең көлемде ұйымдастырылды. Жұбановтану саласы бойынша қорғалған диссертациялық жұмыс авторларының толықтырылған еңбектері «Жұбанов кітапханасы» сериясымен «Жұбанов университеті» баспасы арқылы шығарылды. Сонымен қатар, ғалымның кейбір еңбектері шетел тілдеріне аударылып, Қ.Қ.Жұбановты өзге елдерге таныту бағытындағы алғашқы жұмыстар да бастау алды. Университеттің жұбановтанушылары еліміздің өзге оқу орындарында болған жиындарында, түрлі басылымдарында Қ.Қ.Жұбанов зерттеулері бойынша баяндамалар жасап, ғылыми мақалалар жариялайды. Қазіргі таңда университеттің бас ғимаратындағы сәулетті бөлмелердің біріне орналасқан «Жұбановтану» меттеп, жастарға үлгі ету мақсатынан туындаған ізгі істер деп айтуға болады.

Тума талант Қ.Жұбановтың балаларының ішінде Есет Жұбанов және Асқар Жұбанов деген екі баласы да қазақ тіл білімі саласындағы есімі ерекше аталатын танымал ғалымдар қатарында аталады. Профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын жинақтап, оның еңбектері бойынша диссертациялық зерттеулер жазылуына мұрындық болып, өзі де кейбіріне жетекшілік жасап, әке аманатына сай ерекше еңбек сіңірген оның ғалым ұлы Есет Жұбанов болса, одан кейін ғалым Асқар Жұбанов жұбановтану саласына қатысты ғылыми жұмыстарға бағыт беріп, ғылыми қолдау көрсетіп келген еді. Қазіргі таңда жұбановтану бағытындағы ғылыми зерттеулердің маңызды арналарының қатарына оның осы ғалым балалары Есет Құдайбергенұлы Жұбанов пен Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов зерттеулерін жалғастыра қараған жөн деп санаймыз. Себебі қазақ тіл біліміндегі Жұбановтар әулетінің ғылыми қолтаңбаларының ғылымның кейінгі дамуымен ұштасуын анықтаудың да маңыздылығы бар. Сондықтан Жұбановтану саласының жаңа беттері жаңа көзқарастармен толығып, заманға сай жаңа қырынан дамып, одан әрі терең зерттеулермен де жалғаса түсетінін атап айтуға болады.

## ☑ Year news

### ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР АШЫЛДЫ

Zhubanov University оқытушы құрамы жыл сайын жас мамандармен толығуда. «Жасыратыны жоқ, университетте ғылыммен айналысатын мамандар азайып барады. Кезінде ғылыми орталықтарды басқарған ғалымдардың дені зейнет жасында. Бар үмітті жастарға арту керек. Маманды сырттан шақырғанмен, оның тұрақтап қалуы екіталай. Докторантураға басқа қалаға барып оқуға да көп жастардың отбасылық жағдайы көтере бермейді. Сол себепті, екі жыл ішінде 15 мамандық бойынша магистратура, 6 мамандық бойынша докторантура аштық» — дейді ректор Бауыржан Ердембеков. Университеттің ғылыми қоғамдастығының соңғы жетістігі университет жанынан 3 бірдей диссертациялық кеңестердің ашылуы. Енді ізденушілер «Математика», «Физика», «Филология» PhD (философия докторы) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарын университет ішінде қорғай алады. Жақында математика бойынша диссертациялық кеңесте алғашқы 2 диссертация сәтті қорғалып, «Математика» кафедрасының оқытушылары Сандуғаш Мыңбаева мен Ақылбек Жаманшин философия ғылымдарының докторы (PhD)дәрежесін алды.

### ОТКРЫТЫ ДИССЕРТАЦИОННЫЕ СОВЕТЫ

Преподавательский состав Zhubanov University ежегодно пополняется молодыми специалистами. «Ни для кого не секрет, что количество специалистов в области науки в университете сокращается. Большинство ученых, которые когда-то возглавляли научные центры, достигли пенсионного возраста. Все надежды следует возлагать на молодежь. Даже если со стороны пригласить эксперта, вряд ли он останется. Многие молодые люди из-за семейного положения не могут учиться в докторантуре в другом городе. Поэтому за два года мы открыли магистратуру по 15 специальностям и докторантуру по 6 специальностям», - сказал ректор Бауржан Ердембеков. Последним достижением научного сообщества вуза является открытие 3-х диссертационных советов. Теперь в университете можно защитить диссертации на соискание ученой степени PhD по специальностям «Математика», «Физика», «Филология». Недавно на диссертационном совете по математике были успешно защищены первые 2 диссертации, а преподаватели кафедры «Математика» Сандугаш Мынбаева и Акылбек Жаманшин получили ученую степень доктора PhD.

### DISSERTATION COUNCILS OPENED

The teaching staff of Zhubanov University is annually replenished with young specialists. “It’s no secret that the number of specialists in the field of science at the university is decreasing. Most of the scientists who once headed scientific centers have reached retirement age. All hopes should be placed on young people. Even if you invite an expert from outside, he is unlikely to stay. Many young people, due to their marital status, cannot study for doctoral studies in another city. Therefore, in two years we have opened a magistracy in 15 specialties and doctoral studies in 6 specialties, ”said rector Baurzhan Erdembekov. The latest achievement of the scientific community of the university is the opening of 3 dissertation councils. Now at the university it is possible to defend a thesis for a PhD degree in the specialties «Mathematics», «Physics», «Philology». Recently, the first 2 dissertations were successfully defended at the Dissertation Council in Mathematics, and the teachers of the Department of Mathematics Sandugash Mynbayeva and Akylbek Zhamanshin received their PhD degrees.

☑ Жыл жаңалықтары ☑ Новости года ☑ Year news

## СУҒА БАТҚАН АДАМДЫ ҚҰТҚАРҒАНЫ ҮШІН МАРАПАТ

Zhubanov University «Құрылыс» мамандығының 3-курс студенті Нұржан Рашид ерте көктемде суға батып бара жатқан кішкентай ауылдасы — 5 жасар бүлдіршін Абай Азаматұлын өлімнен құтқарғаны үшін ҚР Ішкі істер министрлігінің «Суға батқан адамды құтқарғаны үшін» медалімен марапатталды. Төтенше жағдай күні Ырғыз өзенінің жағасында ойнап жүрген бала суға құлап, ағыс екпіні оны 8 метрдей алысқа алып кеткен. Жақын маңда кетіп бара жатқан Нұржан көмек сұраған дауысты естіген бойы ойланбастан өзенге тап беріп, 2,5 метр тереңдіктен баланы алып шығады. Алғашқы медициналық көмекте көрсетеді. Ержүрек студент осыған дейін туысқан інісін де суға кетуден құтқарып алған екен. Ол жасаған әрекетін ерлік деп санамайды, адамдық борыш деп есептейді. Жағымды жаңалықты бірінші болып естіген ректор Бауыржан Ердембеков сол күні Нұржан Рашидты Құдайберген Жұбанов атындағы стипендияға және «Үздік студент» төсбелгісіне ұсынды. Бейбіт күннің батыры, 19 жасар студент Нұржан Рашид мемлекеттік грантта оқиды, көп балалы отбасынан шыққан. Теннис спортымен шұғылданады. Гитарамен ән айтқанды ұнатады. Жақсы оқиды. Тәртібі түзу, достары арасында абыройлы.






## НАГРАДА ЗА СПАСЕНИЕ УТОПАЮЩЕГО

За спасение ранней весной 5-летнего мальчика Абая Азаматулы от утопления студент третьего курса строительного факультета Zhubanov University Нуржан Рашид награжден медалью МВД РК «За спасение утопающего». В день ЧП мальчик, игравший на берегу реки Иргиз, упал в воду и был унесен течением примерно на 8 метров. Нуржан шел поблизости и услышал зов о помощи. Не задумываясь парень прыгнул в реку и вытащил ребенка с глубины 2,5 метра, оказал первую помощь. Отважный студент ранее спас своего брата от утопления. Он считает свои действия не подвигом, а человеческим долгом. Ректор Бауыржан Ердембеков первым услышал в тот день похвальную новость и выдвинул Нуржана Рашида на соискание стипендии имени Кудайбергена Жубанова и медали «Лучший студент». Герою мирного времени 19 лет. Он учится по государственному гранту, выходец из многодетной семьи. Он играет в теннис. Любит петь под гитару и читать литературу. Хорошо воспитан, дружелюбен.

## REWARD FOR SAVING A DROWNING MAN

Nurzhan Rashid, a third-year student of the Faculty of Civil Engineering at Zhubanov University, was awarded the Medal of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan «For saving a drowning man» for saving in early spring a 5-year-old boy Abai Azamatuly from drowning. On the day of the emergency, a boy playing on the banks of the Irgiz River fell into the water and was carried away by the current for about 8 meters. Nurzhan walked nearby and heard a call for help. Without hesitation, the guy jumped into the river and pulled the child from a depth of 2.5 meters, provided first aid. The brave student had previously saved his brother from drowning. He considers his actions not a heroic deed, but a human duty. Rector Baurzhan Yerdembekov was the first to hear the news that day and nominated Nurzhan Rashid for a scholarship named after Kudaibergen Zhubanov and the «Best Student» medal. Peacetime hero is 19 years old. He studies on a state grant, comes from a large family. He plays tennis. Likes to sing with a guitar and read literature. Good mannered, friendly.

☑ Жыл жаңалықтары ☑ Новости года ☑ Year news

## МЕЦЕНАТТАРҒА – «ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ»

Zhubanov University оқу орнының ірі әлеуметтік жобаларын іске асыруда және материалдық базасын нығайтуда қомақты үлес қосып, қолдау көрсетіп жүрген меценаттарға арнап Құрмет тақтасын орнатты. Бүгінде университеттің 150-ден аса білім алушысы демеушілердің тағайындаған арнайы стипендиясын алады. Сондай-ақ демеушілердің көмегімен өңірге белгілі тарихи тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері атындағы заманауи озық технологиямен жабдықталған арнайы оқу кабинеттері мен конференц-залдар ашылды. Олардың қатарында Құдайберген Жұбанов, Тахауи Ахтанов, Әбіш Кекілбаев, Өтежан Нұрғалиев, Төлеген Айбергенов атындағы конференц-залдары, Қазақстан Жазушылар одағы Ақтөбе облыстық филиалының кабинетін, Нұрсұлу Тапалова атындағы хореография залын, Роза Жаманова атындағы музыка кабинетін, Дербісәлі Беркімбаев, Тілеу батыр, Қабақ батыр, Әлім Алмат, Досжан хазірет, Бекежан Сүлейменов, Рабиға Сыздық, Есет Жұбанов, Аманжол Өтегенов, Қажығали Мұханбетқалиұлы және Ауған соғысы ардагерлері атындағы дәрісханаларды атауға болады. «Құрмет тақтасында» «Пауэр Альянс» ЖШС бас менеджері Арынғазы Беркімбаевтың, «Тілеу батыр» мейірімділік қорының директоры Қанатбай Елеусізұлының, «Қабақ баба» қоғамдық қорының төрағасы Амантай Үмбетайдың, кәсіпкер, еңбек ардагері Бақыткерей Адмановтың, «Ер-Бақыт» спорттық-патриоттық клубының төрағасы Марат Қойлыбаевтың, Алмат атындағы мейірімділік қорының төрағасы Роман Рахиевтің, «Бәубек баба» қоғамдық қорының төрағасы Ақылбек Дадиннің, Ақтөбе облыстық кикбоксинг федерациясының президенті Саламат Қапиннің, Шілікті ауылы әкімі Құрышбек Қазбековтің, Байқоңыр сот-сараптама орталығының жетекшісі Мағауия Бөкешовтің, Zhubanov University доценті Гүлім Елеусінованың, ЮСИМАС Халықаралық ментальды арифметика академиясының Ақтөбе қалалық филиалының директоры Алмагүл Исабаеваның, «Теңізшевройл» ЖШС инженер-механигі Олжас Баяновтың, «ОМАС интегрейтед» ЖШС директоры Жалғас Сагиновтің, «Atameken Business Media holding» ЖШС маркетологы Алмагүл Сейтенованың есімдері жазылған фотосуреттері ілініп тұр.

## «ДОСКА ПОЧЕТА» МЕЦЕНАТАМ

Zhubanov University учредил Доску почета спонсоров, внесших весомый вклад в реализацию крупных социальных проектов и укрепление материальной базы вуза. Сегодня более 150 студентов университета получают специальные стипендии от меценатов. Также благодаря им открыты специальные учебные аудитории и конференц-залы имени известных исторических, государственных и общественных деятелей региона, оснащенные современной передовой техникой. Среди них конференц-залы имени Кудайбергена Жубанова, Тахауи Ахтанова, Абиша Кекилбаева, Утежана Нургалиева, Толегена Айбергенова, офис Актюбинского областного отделения Союза писателей Казахстана, хореографический зал имени Нурсулу Тапаловой, музыкальный зал имени Розы Жамаловой, кабинеты Дербисали Беркимбаева, Тилеу батыра, Кабак батыра, Алим Алмата, Досжан хазрета, Бекежана Сулейменова, Рабиги Сыздык, Есета Жубанова, Амантай Утегенова, Кажыгали Муханбеткалиулы и ветеранов войны в Афганистане. На «Доске почета» есть фото спонсоров - главного менеджера ТОО «Power Alliance» Арынгазы Беркимбаева, директора Благотворительного фонда «Тлеу батыр» Канатбая Елеусизулы, председателя общественного фонда «Кабак баба» Амантая Умбетай, предпринимателя, ветерана труда Бахыткерея Адманова, председателя спортивно-патриотического клуба «Ер-Бахыт» Марата Койлыбаева, председателя благотворительного фонда имени Алмата Романа Рахиева, председателя общественного фонда «Баубек баба» Акылбека Дадина, президента федерации кикбоксинга области Саламата Капина, акима села Шиликты Курышбека Казбекова, руководителя судебно-экспертного центра Байконура Магауи Букешова, доцента Zhubanov University Гулим Елеусиновой, директора Актюбинского городского филиала международной академии ментальной арифметики ЮСИМАС Алмагуль Исабаевой, инженера-механика ТОО «Тенгизшевройл» Олжаса Баянова, директора ТОО «ОМАС интегрейтед» Жалгаса Сагинова, маркетолога ТОО «Atameken Business Media holding» Алмагуль Сейтеновой.

## «HONOR ROLL» FOR SPONSORS

Zhubanov University has established a Board of Honor for sponsors who have made a significant contribution to the implementation of large social projects and strengthening the material base of the university. Today more than 150 university students receive special scholarships from sponsors. Also, thanks to them, special classrooms and conference rooms named after famous historical, state and public figures of the region, equipped with modern advanced technology, were opened. Among them are conference halls named after Kudaibergen Zhubanov, Takhauhi Akhtanov, Abish Kekilbaev, Utezhan Nurgaliev, Tolegen Aybergenov, the office of the Aktobe regional branch of the Writers' Union of Kazakhstan, a choreographic hall named after Nursulu Tapalova, a music hall named after Rosa Zhamala, offices of the Derbisaly Berkimbaev, Kabak batir, Tleu batir, Alim Almat, Doszhan Khazret, Bekezhan Suleimenov, Rabig Syzdyk, Eset Zhubanov, Amantai Utegenov, Kazhygali Mukhanbetkaliuly and veterans of the war in Afghanistan. On the «Board of Honor» there is a photo of sponsors - the main manager of Power Alliance LLP Aryngazy Berkimbaev, director of the Tleu Batyr Charitable Foundation Kanatbai Yeleusizuly, chairman of the Kabak Baba public fund Amantai Umbetay, an entrepreneur, labor veteran Bakhytkerey Admanov, chairman of the sports-patriotic club «Er-Bakhyt» Marat Koilybayev, chairman of the charitable foundation named after Almat Roman Rakhiev, chairman of the public fund «Baubek Baba» Akylbek Dadin, president of the Kickboxing Federation of the region Salamat Kapin, Akim of the village of Shilikty Kuryshbek Kazbekov, head of the Baikonur forensic center Magaua Bukeshov, associate professor of Zhubanov University Gulim Eleusinova, director of the Aktobe city branch of the international academy of mental arithmetic USIMAS Almagul Isabayeva, mechanical engineer of Tengizshevas LLP, Zhalgas Saginov, marketer of Atameken Business Media holding LLP Almagul Seytenova.

## АБАЙ КҮНІ — ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

Әлемге аты мәшһүр қазақ ақыны хакім Абайдың туған күні 10-тамызда елімізде тұңғыш рет Абай күні мерекесі аталып өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай — рухани реформатор» атты мақаласында: «Менің тапсырмам бойынша оның тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді. Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес, тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуда. Абайдың рухына тағзым ету — оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз» — деген еді. Биыл ақынның туғанына 175 жыл толуына орайластырылған шаралар әлем деңгейінде өтті. Грузия астанасы Тбилисиде бір көше Абай атына беріліп, сондай-ақ Грузия Жазушылар одағының төрайымы Маквала Гонашвилидің аударуымен Абай Құнанбайұлының өлеңдері тұңғыш рет грузин тілінде кітап болып басылып шықты. Оңтүстік Кореяда ҚР елшілігінің қолдауымен, корей тілінде Абайдың өлеңдер жинағы жарық көрді және ұлы ақынның мерейтойына арналған пошта маркасы шықты. Қазақстанның түкпір-түкпірінде ақын есімі ұлықталды. Абай күніне орай Zhubanov University ғалымдарының қатысуымен өткен «Абай күні — ел ынтымағының белгісі» атты дөңгелек үстелде филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы, ректор Бауыржан Ердембеков бұл күнді қазақ әдебиетінің, қазақ руханиятының күні ретінде атап өту керектігін ұсынды. Біраз мемлекеттерде рухани тұлғаның туған күнін жалпы мерекеге айналдыру дәстүрі бар. Айта кетсек, Түрікменстандағы поэзия күні Мақтымқұлы Фрагидің туған күнінде, Венгриядағы поэзия күні Атилла Йожефтің туған күнінде аталып өтеді.

## ДЕНЬ АБАЯ — НОВЫЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПРАЗДНИК

В День рождения всемирно известного казахского поэта 10 августа впервые в стране отметили День Абая. Президент Касым-Жомарт Токаев в своей статье «Абай — духовный реформатор» сказал: «По моему поручению 10 августа отмечено как «День Абая», он внесен в список праздников. Мероприятия, посвященные наследию великого поэта, будут проводиться ежегодно. Суть не в юбилее, а в глубоком познании творчества сильного человека. Отдавать дань уважения духу Абая — значит следовать его принципам, быть верным его наставлениям. Только тогда мы привьем сакральные ценности в умах молодого поколения». В этом году мероприятия, посвященные 175-летию со дня рождения поэта, прошли на мировом уровне. В честь Абая была названа улица в столице Грузии Тбилиси, впервые стихи его были переведены на грузинский язык председателем Союза писателей Грузии Маквалой Гонашвили. В Южной Корее при поддержке Посольства Республики Казахстан издан сборник стихов Абая на корейском языке и выпущена почтовая марка, посвященная юбилею великого поэта. Имя поэта прославили во всех уголках Казахстана. Доктор филологических наук, профессор, абаевед, ректор Zhubanov University Бауыржан Ердембеков предложил отмечать День Абая как день казахской литературы и казахской духовности. В некоторых странах есть традиция делать дни рождения духовных личностей государственным праздником. Следует отметить, что День поэзии в Туркменистане отмечается в день рождения Махтумкули Фраги, а День поэзии в Венгрии отмечается в день рождения Атиллы Йозефа.

## ABAI DAY IS A NEW NATIONAL HOLIDAY

On the birthday of the world famous Kazakh poet on August 10, Abai Day was celebrated for the first time in the country. President Kassym-Jomart Tokayev in his article «Abai - a spiritual reformer» said: «On my instructions, August 10 is marked as» Abai Day «, it is included in the list of holidays. Events dedicated to the heritage of the great poet will be held annually. The essence is not in the jubilee, but in a deep knowledge of the creativity of a strong person. Paying tribute to the spirit of Abai means following his principles, being faithful to his trust. Only then will we inculcate sacred values in the minds of the younger generation.» This year, events dedicated to the 175th anniversary of the poet's birth were held at the world level. A street in the capital of Georgia, Tbilisi, was named in honor of Abai; for the first time, Abai Kunanbaev's poems were translated into Georgian by the chairman of the Union of Georgian Writers, Makvala Gonashvili. In South Korea, with the support of the Embassy of the Republic of Kazakhstan, a collection of Abai's poems in Korean was published and a postage stamp dedicated to the anniversary of the great poet was issued. The poet's name was glorified in all parts of Kazakhstan. Baurzhan Erdembekov, Doctor of Philology, Professor, Abaeologist, Rector of Zhubanov University, suggested celebrating Abai Day as the day of Kazakh literature and Kazakh spirituality. In some countries there is a tradition of making birthdays of spiritual persons a public holiday. It should be noted that the Day of Poetry in Turkmenistan is celebrated on the birthday of Makhtumkuli Fragi, and the Day of Poetry in Hungary is celebrated on the birthday of Attila Josef.

☑ Жыл жаңалықтары ☑ Новости года ☑ Year news

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫ АҒЫЛШЫНДАР ОҚИДЫ

XIX ғасырдағы көрнекті қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың таңдаулы шығармалары жинағы ағылшын тілінде жарық көрді. Кембридж университетінің баспасынан басылып шыққан жинақты оның редакторы, британиялық жазушы Ник Филдинг көпшілікке таныстырды.

Ш.Уәлиханов қысқа ғұмырында шығыстану ғылымына қомақты үлес қосып үлгерді. Оны Қазақстанда сан қырынан: ғалым, этнолог, географ, картограф және суретші ретінде жақсы таниды. Ш.Уәлиханов Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның тарихы мен мәдениетін зерттеуге орасан үлес қосқан. Оның еңбектері арқылы Орта Азия халықтарының өмірі мен тұрмысының жаңа аспектілеріне назар аударылды. Жинаққа Ш.Уәлихановтың Орталық Азияның географиясын, тарихын, этнологиясын, экономикасын зерттеген маңызды ғылыми еңбектері енген. Ағылшынтілді зерттеушілерге бұл таптырмас қазына екені даусыз.

Корольдік географиялық қоғам ғимаратында аралас форматта өткен жинақ таныстырылымына Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшісі Ерлан Ыдырысов, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, профессор Зиябек Қабылдинов, аудармашы Арч Тейт, Кембридж университетінің білім беру саласындағы Кембридж серіктестігінің басқарушы директоры Джейн Манн және Қазақстан, Ұлыбритания, Канада, БАӘ, Перу, Польша және Түркия мемлекеттерінен 100-ге жуық қонақ қатысты.




## ШОКАНА ВАЛИХАНОВА ЧИТАЮТ АНГЛИЧАНЕ

На английском языке выпущен сборник избранных произведений выдающегося казахстанского ученого XIX века Шокана Валиханова, изданный Кембриджским университетом. Его редактор - британский писатель Ник Филдинг. За свою короткую жизнь Ш.Валиханов внес значительный вклад в востоковедение. В Казахстане он широко известен как ученый, этнолог, географ, картограф, художник. Ш.Валиханов внес большой вклад в изучение истории и культуры не только Казахстана, но и Средней Азии в целом. Внимание было уделено новым аспектам. В сборник вошли важные научные труды Ш.Валиханова, изучавшего географию, историю, этнологию и экономику Средней Азии. Несомненно, это незаменимое сокровище для англоязычных исследователей. На презентации сборника, которая прошла в смешанном формате в здании Королевского географического общества, присутствовали Посол Казахстана в Великобритании Ерлан Идрисов, директор Института истории и этнологии имени Ш. Валиханова, профессор Зиябек Кабылдинов, переводчик Arch Tate, управляющий директор Cambridge Education Partnership Джейн Манн и более 100 гостей из Казахстана, Великобритании, Канады, ОАЭ, Перу, Польши и Турции.

## SHOKAN VALIKHANOV IS READ BY THE BRITISH

A collection of selected works of the outstanding Kazakh scientist of the 19th century Shokan Valikhanov, published by the University of Cambridge, has been published in English. Its editor is British writer Nick Fielding. During his short life, Sh. Valikhanov made a significant contribution to oriental studies. In Kazakhstan, he is widely known as a scientist, ethnologist, geographer, cartographer, artist. Sh. Valikhanov made a great contribution to the study of the history and culture of not only Kazakhstan, but also Central Asia as a whole. The collection includes important scientific works of Sh. Valikhanov, who studied geography, history, ethnology and economy of Central Asia. Undoubtedly, it is an indispensable treasure for English-speaking researchers. The presentation of the collection, which took place in the building of the Royal Geographical Society, was attended by the Ambassador of Kazakhstan to Great Britain Yerlan Idrisov, director of the Sh.Valikhanov Institute of History and Ethnology, Professor Ziyabek Kabyldinov, Arch Tate translator, managing director of Cambridge Education Partnership Jane Mann and more 100 guests from Kazakhstan, UK, Canada, UAE, Peru, Poland and Turkey.

## PhD ДИССЕРТАЦИЯ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕ ҚОРҒАЛДЫ

Zhubanov University стратегиялық жоспарлау орталығының директоры Берікхан Иісбекұлы PhD диссертациясын ҚХР Цинхуа университетінде (Tsinghua university) қытай тілінде қорғады. Ол осында докторантураны тамамдаған. Қорғау процесі әлемдік пандемия жағдайында online өтті. Жас ғалымның диссертациялық жұмысында «Қазақстандағы тілдік ахуал және тіл саясаты» өзекті тақырыбы талданды. Ғылыми жұмысқа Қазақстан тарапынан шетелдік кеңесшілік атқарған Zhubanov University ректоры, профессор Бауыржан Ердембеков. Белгілі абайтанушы ғалым осыған дейін Б.Иісбекұлының бакалавриат және магистратура білім деңгейін алу үшін жазған ғылыми жұмыстарына жетекшілік еткен. «Ұстазым Бауыржан Ердембековтың тұлғалық қалыптасу жолымдағы еңбегін ерекше атаймын. Мен үшін ол ұстаздықтың феномені. Жоғары білімнің үш деңгейінде ғылыми жұмыстарыма жетекшілік етті. Жанына ертіп, білім беру ісінің менеджментіне баулыды, ұлт тағдырына қажетті ойларымды жүйелеуге үйретті» — дейді Б.Иісбекұлы. Цинхуа университеті Бейжің қаласында орналасқан. Әлемдік QS рейтингі бойынша үздік «ТОП – 20» университеттің қатарына енген жоғары оқу орны. Қытайдағы ең үздік университет. Кезінде Цинхуа университетінде соңғы екі ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао мен Си Цзиньпин білім алған. Берікхан Иісбекұлы Цинхуа университетінде гуманитарлық бағыт бойынша PhD атанған тұңғыш қазақ ұлтының өкілі.

## PhD ДИССЕРТАЦИЯ ЗАЩИЩЕНА НА КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Директор Центра стратегического планирования Zhubanov University Берихан Исбек защитил кандидатскую диссертацию в Университете Цинхуа на китайском языке и получил докторскую степень. Процесс защиты проходил онлайн из-за пандемии. В диссертации молодого ученого проанализирована актуальная проблема «Языковая ситуация и языковая политика в Казахстане». Ректор Zhubanov University, профессор Бауыржан Ердембеков выступил в качестве иностранного консультанта от имени Казахстана. Известный абаевед ранее руководил научно-исследовательской работой Б.Исбека на соискание степени бакалавра и магистра. «Хочу особо поблагодарить своего учителя Бауыржана Ердембекова за его вклад в мое личностное развитие. Для меня это педагогический феномен. Он руководил моими исследованиями на трех уровнях высшего образования. Научил менеджменту образования, организовывать мысли о судьбе нации», — сказал Б.Исбек. Университет Цинхуа находится в Пекине. Входит в ТОП-20 вузов мирового рейтинга QS. Лучший университет Китая. Два последних президента Китая Ху Цзиньтао и Си Цзиньпин когда-то учились в университете Цинхуа.

Берихан Исбек - первый казахстанец, получивший степень доктора гуманитарных наук в Университете Цинхуа.

## PhD THESIS DEFENDED IN CHINESE

Berikhan Isbek, Director of the Center for Strategic Planning at Zhubanov University, defended his Ph.D. thesis at Tsinghua University in Chinese and received his doctorate. The protection process took place online due to the pandemic. In the dissertation of the young scientist the actual problem «Language situation and language policy in Kazakhstan» is analyzed. Rector of Zhubanov University, Professor Baurzhan Erdembekov acted as a foreign consultant on behalf of Kazakhstan. The well-known Abaeologist previously directed the research work of B. Isbek for bachelor's and master's degrees. "I would like to especially thank my teacher Baurzhan Erdembekov for his contribution to my personal development. For me, this is a pedagogical phenomenon. He directed my research at three levels of higher education. He taught education management, how to organize thoughts about the fate of the nation, "B. Isbek said. Tsinghua University is located in Beijing. It is included in the TOP-20 universities of the QS world ranking. The best university in China. The last two presidents of China, Hu Jintao and Xi Jinping, once studied at Tsinghua University. Berikhan Isbek is the first Kazakh scientist to receive a doctorate in humanities from Tsinghua University.

☑ Жыл жаңалықтары ☑ Новости года ☑ Year news

## QAZCOVID-IN ВАКЦИНАСЫ ШЕШУШІ СЫНАҚТАН ӨТЕДІ

Қазақстандық вакцина QAZCOVID-IN клиникалық зерттеулердің үшінші кезеңіне өтті. Денсаулық сақтау министрлігі QAZCOVID-IN қазақстандық вакцинасын тіркеудің соңғы кезеңіне қатысуға ниет білдірген еріктілерге арналған шарттарды жариялады. Зерттеулер Алматы және Тараз қалаларындағы үш денсаулық сақтау мекемесінде өтеді.

Вакцина сыналатын 1-ші клиникалық базасы «МІРО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (Алматы), 2-клиникалық база Денсаулық сақтау басқармасының №4 қалалық емханасында (Алматы), 3-ші клиникалық базасы Жамбыл облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасына қарасты қалалық көпсалалы ауруханасында (Тараз) орналасады. Сынаққа қатысатын еріктілердің жас құрамы 18 жастан жоғары болуы және созылмалы сырқаттары болмауы керек. Олардың бәрі сынақ алдында жіті тексеруден өтеді. Айта кетсек коронавирусқа қарсы вакцинаның алғашқы сынағына ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің қатысқаны туралы жазылып, сәтті өткені хабарланған еді.

## ВАКЦИНА QAZCOVID-IN ПРОХОДИТ РЕШАЮЩЕЕ ТЕСТИРОВАНИЕ

Казахстанская вакцина QAZCOVID-IN прошла третий этап клинических испытаний. Минздрав объявил условия для волонтеров, желающих принять участие в финальном этапе регистрации казахстанской вакцины QAZCOVID-IN. Исследование будет проводиться в трех медицинских учреждениях в Алматы и Таразе. Первая клиническая база для испытания вакцины находится в ТОО «МІРО» (Алматы), вторая клиническая база — в городской поликлинике №4 управления здравоохранения (Алматы), третья клиническая база — в городской многопрофильной больнице управления здравоохранения Жамбылской области (Тараз). Добровольцы должны быть старше 18 лет и не иметь хронических заболеваний. Все они перед тестом проходят тщательную проверку. Отметим, что министр образования и науки Казахстана Асхат Аймагамбетов принял участие в первом испытании вакцины от коронавируса.

## QAZCOVID-IN VACCINE UNDERGOES CRUCIAL TESTING

The Kazakhstan vaccine QAZCOVID-IN has passed the third stage of clinical trials. The Ministry of Health announced the conditions for volunteers wishing to take part in the final stage of registration of the Kazakhstani vaccine QAZCOVID-IN. The study will be carried out in three medical institutions in Almaty and Taraz. The first clinical base for testing the vaccine is located in MIPO LLP (Almaty), the second clinical base is in the city polyclinic No. 4 of the health department (Almaty), the third clinical base is in the city multidisciplinary hospital of the health department of Zhambyl region (Taraz). Volunteers must be over 18 years of age and free from chronic medical conditions. All of them are thoroughly checked before the test. Note that the Minister of Education and Science of Kazakhstan Askhat Aimagambetov took part in the first test of a vaccine against coronavirus.



## ЖАС ҚАЛАМГЕР — ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ ОҚЫТУШЫСЫ

Есімі танымал жас қаламгер Әлихан Жақсылық Zhubanov University Жоғары колледжінде оқытушы болып қызмет жасайды. Оның «Алты құрлық» әңгімесі облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің қолдауымен кітап болып шықты. Осы оқиғаға орай университетте шара өтіп, кітаптың тұсаукесер рәсімі жасалды. Оған қатысқан университет ректоры, әдебиетші Бауыржан Ердембеков жас қаламгердің творчестволық өсу жолын еске алды. «Әлихан оқуға түскен кезден бастап өзін жақсы қырынан көрсетті. Бірінші курста ол Жұбанов атындағы грантты ұтып алды. Поэзиядағы батыл қадамдарымен қуантты. Айтыстарға қатысып, жүлде алып жүрді. Енді оның поэзиядан прозаға көшкеніне куә болып жүрміз. Мен Әлиханды эксперименттерге батыл баратын эксперименталды жазушы деп айтар едім» — деп қаламының ұштала беруіне тілегін білдірді. Шара барысында белгілі ақын, журналист Бауыржан Бабажанұлы Әлиханды шәкірт тұтатынын, оның прозадағы қадамдарына демеу көрсетіп жүргенін айта келе «Кезінде «Жас Алаш» газетінде Әлиханның «Тамұқтағы жалғыздық» деген әңгімесі шығып, бүкіл жазушылардың назарын аударуы үлкен сенсация болды. Мен қазақ әдебиетіне мықты жазушы келді деп айта аламын» — деп аса жоғарын бағасын берді.

Әлихан Жақсылықтың «Жан азасы», «Пердесіз көз» деген әңгімелері де оқырман ықыласына ие. Жас прозашы шарада оқырмандарына рақметін айтып, шығармашылығының тағы жаңа қырымен таныстырып, оның сценарийі желісінде түсірілген «Үкілі әуен» және «Ырысты ыдыстар» мультипликациялық хикаясынан үзінділер көрсетті, жуырда жарыққа шығатын жаңа жобаларымен таныстырды.

## МОЛОДОЙ ПИСАТЕЛЬ — ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ВЫСШЕГО КОЛЛЕДЖА

Известный молодой писатель Алихан Жаксылык преподает в Высшем колледже Zhubanov University. Его рассказ «Шесть континентов» издан в виде книги при поддержке акима области Ондасына Оразалина. В университете прошло мероприятие, посвященное этому событию, была презентована книга. Принявший в ней участие ректор университета, литературовед Бауыржан Ердембеков, вспомнил о творческом росте молодого писателя. «Алихан проявил себя с самого начала как поступил на первый курс. Выиграл стипендию имени Жубанова, радовал своими смелыми шагами в поэзии. Принимал участие в айтысах и занимал призовые места. Теперь мы видим, что он перешел от поэзии к прозе. Я бы сказал, что Алихан — писатель-экспериментатор, который осмеливается вносить новизну», — сказал ректор, пожелав творческого успеха. В ходе мероприятия известный поэт-журналист Бауыржан Бабажанулы отметил, что считает Алихана учеником, он поддержал его первые шаги в прозе. «Большой сенсацией среди писателей стал рассказ Алихана «Тамұқтағы жалғыздық», опубликованный в газете «Жас Алаш». Могу сказать, что в казахскую литературу пришел сильный писатель», — дал высокую оценку молодому коллеге. Интересны читателям рассказы Алихана Жаксылыка «Жан азасы», «Пердесіз көз». Молодой прозаик поблагодарил читателей на мероприятии, познакомил с новой стороной своего творчества, показал отрывки из мультипликационных историй «Үкілі әуен» и «Ырысты ыдыстар», снятых по его сценарию. Представил свои новые проекты, которые скоро будут опубликованы.

## FAMOUS YOUNG WRITER - TEACHER OF THE HIGHER COLLEGE

Famous young writer Alikhan Zhaksylyk teaches at the Higher College of Zhubanov University. His story «Six Continents» was published in the form of a book with the support of the regional akim Ondasyn Orazalin. An event dedicated to this event was held at the university, a book was presented. The rector of the university Baurzhan Erdembekov, who took part in it, recalled the creative growth of the young writer. "Alikhan showed himself from the very beginning as he entered the first year. He won a scholarship named after Zhubanov, pleased with his bold steps in poetry. He took part in aitys and won prizes. Now we see that he has passed from poetry to prose. I would say that Alikhan is an experimental writer who dares to introduce novelty, "the rector said, wishing him creative success. During the event, the famous poet-journalist Baurzhan Babazhanuly said that he considers Alikhan a student, he supported his first steps in prose. "A big sensation among writers was Alikhan's story" Tamuktagy zhalgyzdyk ", published in the" Zhas Alash "newspaper. I can say that a strong writer has come to Kazakh literature, "he praised his young colleague. The stories of Alikhan Zhaksylyk «Zhan azasy», «Perdesiz koz» are interesting to readers. The young prose writer thanked the readers at the event, introduced them to a new side of his work, showed excerpts from the cartoon stories «Ukili auen» and «Yrysty ydystar», filmed according to his script. He presented his new projects, which will be published soon.

**Жыл жаңалықтарын дайындаған Айерке Сұлтанбекова.**



☑ New year song

«В лесу роди́лась ёлочка»(1903-1905) — одна из самых популярных русских песен, ставшая в СССР новогодней. Слова написаны Раисой Адамовной Кудашевой, музыка — Леонидом Карловичем Бекманом. Дата выпуска 1903-1905 гг.
По результатам проведённого в 2015 году журналом «Русский репортёр» социологического исследования, текст песни занял 29-е место в топ-100 самых популярных стихотворных строк мировой классики.

# В лесу родилась ёлочка

В лесу родилась ёлочка,
В лесу она росла,
Зимой и летом стройная,
Зелёная была.
Метель ей пела песенку:
«Спи, ёлочка, бай-бай!»;
Мороз снежком укутывал:
«Смотри, не замерзай!»
Трусишка зайка серенький
Под ёлочкой скакал,
Порою волк, сердитый волк,
Рысцою пробегал.
Чу! Снег по лесу частому
Под полозом скрипит,
Лошадка мохноногая
Торопится, бежит.
Везёт лошадка дровенки,
На дровнях - мужичок,
Срубил он нашу ёлочку
Под самый корешок.
И вот она, нарядная,
На праздник к нам пришла,
И много, много радости
Детишкам принесла.

# A little fir was born in the forest

A little fir was born in the forest,
It grew up in the forest.
It was slim and green
In winter as well as in summer.
And the snowstorm sang a little song:
«Sleep, little fir, hushaby!»
And the frost wrapped it up with snow:
«Be careful, don't freeze!»
The coward grey bunny
Jumped around under the little fir.
Sometimes, the angry wolf
Ran and trotted over.
Listen! In the thick forest, the snow crunches
Under the runner's tread
The hairy-legged horse
Is running in haste.
The horse is taking some firewood
There's a peasant on the sledge
He's cut our little fir
At its very root.
And here it is, all dressed-up,
It's come to us for Christmas,
And has brought kids
Lots of happiness.

Айерке Султанбекова


**Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

**Ректор**
**Бауыржан Ердембеков**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: www.arsu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**